

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

**ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ
ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАЖЕТТІ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
АТҚАРУ ҚҰЖАТТАМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ
(құрылыс құжаты)**

**СБОРНИК НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ
И ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ,
НЕОБХОДИМОЙ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ
СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫХ РАБОТ
(паспорт строительства)**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства промышленности и строительства
Республики Казахстан

Астана 2025

АЛҒЫ СӨЗ

- | | |
|---|--|
| 1 ӘЗІРЛЕНГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2 ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы № 536 бұйрығымен
30.01.2012 жылдан бастап |
| 4 ЕНГІЗІЛДІ | Алғаш рет |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөнін-дегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық не-месе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 20.06.2025 жылғы №96-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ПРЕДИСЛОВИЕ

- | | |
|---------------------------------------|--|
| 1 РАЗРАБОТАНЫ | РГП «КазНИИССА» |
| 2 ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства РК по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (АДС и ЖКХ) |
| 3 ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года № 536 с 30.01.2012 года |
| 4 ВВЕДЕНЫ | Впервые |

Настоящий государственный нормативный документ не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 20.06.2025 года №96-НҚ.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу аясы	1
2 Нормативті сілтемелер.....	1
3 Терминдер және анықтамалар	1
I Құрылыстық-монтаждау жұмысын өндіруде толтырылатын құжаттар (атқарушы құжат формалары)	3
1 Құрылыс барысында толтырылатын атқарушы құжаттамалардың тізбесі	3
1.1 Атқарылатын жұмыстардың барлық түріне арналған жалпы құжаттама	3
1.2 Арнайы журналдар.....	4
1.3 Геодезиялық жұмыстар.....	5
1.4 Жер жұмыстары.....	5
1.5 Негіздер мен іргетастарды орналастыру.....	6
1.6 Бетон жұмыстары.....	6
1.7 Құрама темірбетондар мен бетон конструкцияларының монтажы	7
1.8 Болат конструкцияларын монтаждау.....	7
1.9 Ағаш конструкцияларды монтаждау	7
1.10 Жеңіл қоршау конструкцияларды монтаждау	8
1.11 Тас конструкцияларын тұрғызу	8
1.12 Оқшаулау жұмыстары	8
1.13 Едендердің құрылысы.....	9
1.14 Ішкі санитарлы-техникалық жүйелер	9
1.15 Ауаны тазарту	10
1.16 Кәріз.....	10
1.17 Сумен қамтамасыз ету	10
1.18 Жылыту жүйесі.....	10
1.19 Электр желілерінің қуат күші.....	10
1.20 Электротехникалық құрылымдар	11
1.21 Желілер (нүктелер).....	11
1.22 Автоматтандыру жүйелері.....	11
1.23 Газбен қамту жүйесі.....	11
1.24 Жылыту желілері.....	11
1.25 Сумен қамту және кәріздің сыртқы желілері.....	11
1.26 Технологиялық жабдықтар мен технологиялық құбырлар	12
1.27 Инженерлік жүйелерді пайдалануға қабылдау актілері	12
1.28 Жұмыстың өзге де түрлері	12
II Нысан бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды міндетті бақылау мен қабылдау кезеңдерінің тізілімі	22
1 Құрылыстық-монтаждау жұмысын өндіруге қажетті нормативтік-техникалық құжаттамалардың тізімі	22
2 Негіздер мен іргетастарды өндіру жұмыстары мен сапасын бақылауға қойылатын талаптар	23
2.1 Қазаншұңқырларды, траншеяларды дайындауға және тікелей жобалауды дайындау талаптары	23
2.2 Жер жұмыстарын өндіру барысындағы сапаны бақылау түрлері.....	26
2.3 Іргетастарды орнату.....	27
2.4 Қадалы іргетастарды орнату бойынша жұмыстарды өндіру	30
3 Жұмысты өндіру талаптары және тасты қалау сапасын бақылау	33
4 Жұмыстарды өндіруге қойылатын талаптар және құрама темір бетон конструкцияларының сапасын бақылау.....	41

5 Темірбетон монолитті конструкциялар жұмысын өндіру және сапасын бақылауға қойылатын талаптар	49
6 Болат конструкциялары жұмыстарын өндіруге қойылатын талаптар және сапасын бақылау.....	54
7 Балкондар, лоджиялар және карниздер	56
8 Маңдайшалар	57
9 Баспалдақтар мен лифтер	57
10 Лифті шахталарында және санитарлы-техникалық кабиналарда вентиляциялы блоктарды, көлемді блоктарды орнату	58
Ғимараттар мен имараттардың жабындарындағы, қабырғаларындағы және қоршаулардағы құбырларды (ауа құбырларды) төсеуге арналған саңылау мен жылғалардың өлшемдері	59
Қосымшалар	60

**ҚҰРЫЛЫСТЫҚ-МОНТАЖДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ
ҚАЖЕТТІ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АТҚАРУ
ҚҰЖАТТАМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ
(құрылыс төлқұжаты)**

**СБОРНИК НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ И ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ
ДОКУМЕНТАЦИИ, НЕОБХОДИМОЙ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ
СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫХ РАБОТ
(паспорт строительства)**

Енгізілген күні – 2012-01-30

1 Қолданылу аясы

Бұл құжат құрылыс алаңында, яғни жаңа нысандарда құрылыс-монтаждық жұмыстарды (лицензиялау қызметінің лицензиялық түрі мен бөлімдеріне сай) жүргізу кезінде, экономиканың әртүрлі саласындағы жұмыс істеп тұрған мекеме, ғимараттар, құрылыстар мен біркелкі нысандарды күрделі жөндеуден өткізу, қайта жөндеу және техникалық қайта жаратқандыру кезінде, ауылдық елді мекендерді және қалаларды жобалау мен тұрғызу барысында жетекші құжаттамалардың болуын анықтайды.

Бұл құжат құрылыс ұйымдарының жұмысты өндіруді жүзеге асыру мен бақылау кезінде және құрылыс қызметінің қатысушыларымен кұқылы түрде пайдалануға арналған.

2 Нормативті сілтемелер

Осы құжатты пайдалану үшін сілтеме нормативтік құжаттарды қолдану қажет:

ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005 Жүктелген және қоршау конструкциялары;

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;

ХҚН 4.03-01-2003 Газ тарату жүйелері;

ҚР ҚНЖЕ 5.04-18-2002 Темір конструкциялары және өндірумен жұмысты қабылдау ережелері;

ҚР ҚНЖЕ 3.05.04-85* Сыртқы жүйелер және су жабдықтандыру мен кәріз құрылымдар;

ХҚН 4.02-02-2004 Жылыту желілері.

Осы құжатты пайдалану кезінде жыл сайынғы шығарылатын «Стандартизациялау туралы нормативтік құжаттар» атты ақпараттық көрсеткіш ағымдағы жылдың деңгейіне байланысты және ағымдағы жылда ай сайын шығарылатын ақпараттық көрсеткішке сай сілтемелі стандарттардың және классификаторлардың барысын тексеріп отыру керек. Егер сілтемелі құжат өзгертілген болса, осы құжатты пайдалану барысында өзгертілген құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелі құжат өзгертусіз қалса, онда сілтеме берілген жағдай сол сілтемеге тимейтін бөлімде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Бұл құжатта төмендегідей негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады [38-42]:

Инвестор (салымшы) – басқару субъектісі, оның басты қызметі пайда табу мақсатында инвестицияланатын капиталда пайызбен анықталатын (инвестор пайдасы) жобаны немесе инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру болып табылады.

Тапсырыс беруші (құрылыс салушы) – заңды немесе жеке тұлға (ұйым, кәсіпорын, кеңсе), ол жобалы-ізденіс және құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізуде мердігерлік ұйымдармен шарт жасаса отырып, ғимараттар мен имараттардың күрделі құрылысына қаржы бөледі.

Авторлық қадағалау – автордың төмендегі қызметтерді қадағалаудағы құқығы:

- Сәулет және қала құрылысы туындыларын жасайтын автордың (авторлардың) құрылысты жобалауды дайындауға (құрылыс құжаттары);

- Сәулет немесе қала құрылысы туындыларының авторын қоса отырып, құрылыс жобаларын дайындаушылармен оларды жүзеге асыруға;

Авторлық қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпке сай іске асады.

Құрылыс жобасы – жобалық (жобалы-сметалық) құжат, оның құрамына көлемді-жобалық, конструктивті, технологиялық, инженерлік, табиғатты қорғау, экономикалық және өзге де шешімдер кіреді, сонымен қатар құрылысты, аумақты инженерлік дайындауды, абагтандыруды ұйымдастыру мен жүргізудің сметалық есебі бар. Сондай-ақ, құрылыс жобаларына өз ресурстарын жасаған құрылысы аяқталмаған нысандар мен тазартылған нысандардың сақталған құрылыс жобалары кіреді.

Жұмыс комиссиясы – уақытша ұжымдық орган, нысан дайындығын кешенді тексеріп, оның қорытындысын мемлекеттік қабылдау комиссиясына өткізеді.

Қабылдау комиссиясы – уақытша ұжымдық орган, нысан (кешен) дайындығына кешенді тексеру жүргізеді, технологиялық құралдарды және инженерлік жүйелерді қорытынды сынақтан өткізіп, дайын нысанды пайдалануға қабылдап алады.

Құрылыстық қызмет (құрылыс) – өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды іске асыратын қызмет болып табылады, яғни жаңа нысандарды салу және (немесе) бар нысандарды (ғимараттар, имараттар және олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаналау, техникалық қайта жарақтандыру, қайта құру, қайта жөндеу, күрделі жөндеуден өткізу), технологиялық және инженерлік құрылыстарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды дайындау (өндіру), сонымен қатар аяқталмаған нысандардың құрылысын сақтау және өз ресурстарын жасап шығарған нысандарды тазарту.

Құрылыстық-монтаждық жұмыстар – құрылыс қызметі, оның қызметіне жер жұмыстары және грунттағы арнайы жұмыстар; ғимараттар мен имараттардың (сонымен қатар көпірлер, көлік эстакадалары, тоннельдер мен метрополитендер, жол тораптары, құбырлар, өзге жасанды құрылымдар) көтергіш және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызу; сызықты имараттарды төсеу бойынша арнайы құрылыс және монтаждық жұмыстар; сыртқы инженерлік желілер мен ішкі инженерлік жүйелерді және имараттарды орнату; конструкциялар мен құрылыстарды қорғау және әрлеу бойынша жұмыстар; технологиялық құрылыстарды монтаждау (бөлшектеу) жұмыстары жатады.

Құрылыс сызығын реттеу (құрылыс сызық жиегі) – жер телімінің қызыл және сары сызығынан немесе шекарасынан қашықта ғимараттарды (құрылыстарды) орнату кезінде белгіленетін құрылыс шекарасы.

Қызыл сызықтар – кварталдардың, мөлтек аудандардың, елді мекендердің аумағын көшеден (проездерден, алаңдардан) бөліп тұратын сызықтар. Қызыл сызықтар, ереже бойынша, құрылыс шекараларын реттеу үшін қолданылады.

Тұрғызылып жатқан нысандарды қорғау – құрылысы уақытша тоқтап тұрған нысандардың конструкциялары, материалдары мен құрал-жабдықтарының сапалылығын сақтап қалу бойынша іс-шара кешендері.

Сары сызықтар – жер сілкінісі, өзге де табиғат немесе техногендік сипаттағы апаттардың салдарынан құлайтын ғимараттар (үйлер, құрылыстар) үйінділерінің таралу мүмкіндігінің шекарасы болып табылады. Сары сызықтар негізінде ғимараттар мен үйлердің аралығын реттеуге пайдаланылады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инженерлік қызметтер – жоба көрсеткішінің негізгі мақсатына жетудегі құрылысқа дайындық пен оны іске асырудағы қызметтер кешені.

Техникалық қадағалау – белгілі бір нысанда мердігер атқаратын құрылыс, жөндеу және монтаждық жұмыстардың сапасын тексеру және олардың жобалық шешімге сай болуын қадағалау.

Ғимарат – өзінің функционалдық маңызына қарай адамдардың тұруы немесе келіп кетуі үшін және де материалдық құндылықтарын орналастыру мен сақтау үшін пайдаланылатын тасығыш және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимаратта жер төле болуы мүмкін.

Ғимараттар мен тұрғылықты орындарды инженерлік жабдықтау – халықтың жайлы өмір сүруін қамтамасыз ететін кешенді техникалық құрылғылар.

Атқарушы құжаттама – жұмысты өндіруге жауапты тұлғалардың сызбаға ендірген өзгертулері немесе нақты орындалған жұмыстардың осы сызбаларға сәйкестігі туралы жазбалар бар құрылыс нысандарына арналған жұмыс сызбаларының жинағы: материал сапасын растайтын сертификаттар, техникалық құжаттар және т.б. құжаттар, жасырын жұмыстарды куәландыратын актілер, жұмыс журналдары, аралық және соңғы қабылдау актілері, жүйелерге жүргізілген сынақ және т.б.

Жасырын жұмыстарды қабылдау актісі – ресми құжат, құрылыс нормалары мен ережелерде бекітілген құрылыстағы атқарушы құжаттамалардың бірі, келесі жұмыстармен жасырылатын аяқталған жұмыстарды және конструктивті элементтерді куәландыру мен қабылдау алуда толтырылатын құжат.

I Құрылыстық-монтаждау жұмысын өндіруде толтырылатын құжаттар (атқарушы құжат формалары)

1 Құрылыс барысында толтырылатын атқарушы құжаттамалардың тізбесі

1.1 Атқарылатын жұмыстардың барлық түрлеріне арналған жалпы құжаттама

Рет №	Құжаттың атауы	Формасы
1.	Құрылыс және жобалаушылық ұйымдарының тізімінде көрсетілетін: жұмысты атқаратын ұйымның атауы, жұмыстың басталуы мен аяқталуы, жұмысқа жауапты орындаушылардың А.Ж.Ә. тағайындау туралы бұйрықтары нөмірлерімен, нысандағы жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, қол қою үлгілері;	
2.	Жұмыс және жобалауды жүзеге асыруға қатысқан барлық тұлғалар арасында байланыс болу үшін, құрылыс (басмердігермен, субмердігермен, өндіруші зауыттармен) және жобалауға қатысушылардың келісімшарт көшірмелері болуы керек; немесе басмердігермен жасалған барлық құжаттар (мөр, жауапты тұлғаның қолы, қызмет бабы), ал жобалау кезінде бас жобалаушымен жасалған құжат;	
3.	Жұмысты өндіруге, сынақ жүргізуге, өлшеу мен жобалауға қатысқан барлық ұйымдардың лицензия көшірмелері;	
4.	Құрастыру, монтаж сапасына, орындалған жұмыстың сапасына жауапты тұлғалардың жеке куәліктерінің көшірмесі;	

(жалғасы)

5.	Жұмысты өндіруші, техникалық қадағалау инженері және авторлық қадағалауға жауаптыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;	
6.	Осы жобаға сай істелінген жұмыстар (ендірілген өзгертулермен) туралы, орындаған тұлғалар, құрылыс-монтаждық жұмысты өндіруге жауаптылардың қолтаңбалары бар нысан құрылысына арналған жұмыс жобасы;	
7.	Құрылысқа қатысушылардың ондағы ерекшеліктерін есепке алынуын қарастырулары бойынша, жобалық шешімнің нақты орындалуын көрсететін өзге де құжаттар; Пайдаланылатын материалдар, конструкциялар, бұйымдар мен құрал-жабдықтардың сапасын куәландыратын құжаттар (сәйкестік сертификаты, гигиеналық сараптамалар, өрт қауіпсіздігі туралы сертификат, сапа сертификаты, төл құжаттар, сынақ хаттамалары);	
8.	Кәсіпорын-өндірушілердің техникалық құжаттамалары (кепілді талондар, нұсқауларлар, пайдалану бойынша басшылық, ақпараттық қағаздар, өлшеуіш приборларды тексеру туралы куәлік);	
9.	Қызмет көрсетуші персоналдарды оқыту протоколдары;	
10.	Құрылыс қалдықтарын қоқысқа тастау құжаттамалары;	
11.	Жұмыстың жалпы журналы;	Қосымша 1
12.	Авторлық қадағалау журналы;	Қосымша 2
13.	Барлық жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
14.	Жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілері;	Қосымша 4
15.	Сынақ актілері;	Қосымша 5
16.	Жеке сынаудан кейінгі жабдықты қабылдау туралы жұмыс комиссиясының актісі;	Қосымша 6
17.	Кешенді тексеруден кейінгі жабдықты қабылдау туралы жұмыс комиссиясының актісі;	Қосымша 7
18.	Құрылысты тоқтату туралы актісі.	Қосымша 69

1.2 Арнайы журналдар

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Құрылыс конструкцияларын монтаждау бойынша жұмыс журналы;	Қосымша 8
2.	Монтаждау жұмыстарының журналы;	Қосымша 9
3.	Дәнекерлеу жұмыстарының журналы;	Қосымша 10
4.	Тоттануға қарсы қорғаныс журналы;	Қосымша 11
5.	Монтаждық түйіспелерді монолиттеу журналы;	Қосымша 12
6.	Керіп отырумен болаттарды монтаждық біріктіру журналы;	Қосымша 13
7.	Бетон жұмыстарының журналы;	Қосымша 14
8.	Су астын бетондау журналы;	Қосымша 15
9.	Бетонды күту журналы;	Қосымша 16
10.	Қазаншұңқырларды қазу бойынша жұмыс атқару журналы;	Қосымша 17
11.	Қазаншұңқырларды қазу бойынша және олардың түбіне қатты материалдарды нығыздау бойынша жұмыс атқару журналы;	Қосымша 18
12.	Қадаларды тереңдету журналы;	Қосымша 19
13.	Ұңғыма бұрғылау, ұңғымалар немесе қабыршықтар түбіндегі кеңейтілулерді бұрғылау журналы.	Қосымша 20
14.	Құбырлардың интерференциялық механикалық қосылысын монтаждау журналы. <i>(Толықтырылды – ҚТҮКШК 00.00.2025 ж. №00-НҚ бұйрық).</i>	Қосымша 13-1

1.3 Геодезиялық жұмыстар

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Құрылысқа арналған геодезиялық бөлу негіздерін қабылдау актілері;	Қосымша 21
2.	Ғимараттар мен құрылыстарды салу барысындағы геодезиялық жұмыстар қорытындысын қабылдау-өткізу актісі;	Қосымша 22
3.	Ғимаратты отырғызу журналы;	Қосымша 23
4.	Белгілерді реперге ауыстыру журналы;	Қосымша 24
5.	Атқарушы геодезиялық нобайларды ресімдеу үлгілері;	Қосымша 25
6.	Жоспар және профиль бойынша көпір құрылысының конструктивті элементтері жағдайын геодезиялық тексеру актісі.	Қосымша 26

1.4 Жер жұмыстары

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Жерасты құрылыстары, іргетастар, котловандағы, траншеялар мен жер үстіндегі суқұбырлары негіздерінің құрылымдарына арналған жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Рекультивациялауға арналған жердің құнарлы қабатын алуға және пайдалануға жасырын жұмыс актілері;	
3.	Жобамен қарастырылған немесе грунтты қатайту және негізді дайындау (цементтеу және т.б., негізді сулау, құрғату, термиялық немесе грунтты қадалардың құрылымы, бекіту кілттері, жарықтарды бітеу, грунтты жастықшалардың құрылымдары және т.б.) бойынша инженерлік іс-шаралар негізінде құпия бақылау қорытындыларынан кейін тағайындалуға жасырын жұмыс актілері;	
4.	Жер қойнауының құрылысына кіретін, физика-механикалық сипаттарымен ерекшеленетін грунттарды төсеудің шекара аумағы жобасының белгілеуімен плотина, дамбалардың ауыспалы аумақ қабаттары және карама-қарсы сүзгі конструкцияларына жасырын жұмыс актілері;	
5.	Дренаж (дренаж қабаттары және олардың негіздері, құдықтар, суқұбырлары және оларды себу), диафрагма, экран, ядролар, бақылау-өлшеуіш аппаратураларын орнату кезіндегі төсеуіш қабат элементтеріне жасырын жұмыс актілері;	
6.	Жолмен, тротуармен және жол жабудың өзге аймақтарымен ұштасып жатқан шұңқырларды қайта көмуге жасырын жұмыс актілері;	
7.	Еден астын толтыруға жасырын жұмыс актілері;	
8.	Отыратын грунттарды қайта көмуге жасырын жұмыс актілері (жобада көрсетілген жағдайда);	
9.	Жұмысты бір айдан артық жүргізу кезіндегі аралықта, жұмысты сақтау және сақтап қалу барысында жұмысты бастау үшін қажетті іс-шараларға жасырын жұмыс актілері;	
10.	Қазан шұңқырларды куәландыру мен қабылдап алу актісі;	

1.5 Негіздер мен іргетастарды орналастыру

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Қазаншұңқыр түбін (сонымен қатар алдын-ала сулау), түсірілетін құдық табандарын, кессондар, бұрғыланған қадағаның негіздемесін және т.б. қоса отырып, іргетастың жасанды негіздемесін құруға жасырын жұмыс актілері;	
2.	Қадағаны, қабыршақ-қаданы және шпунтты батыруға, сонымен қатар түсірілетін құдықтар мен кессондарға жасырын жұмыс актілері;	
3.	Қадаға мен қабыршақ-қадалардың біріккенімен байланысты, және құрама темірбетонды элементтер арасындағы бірігу жұмыстарына жасырын жұмыс актілері;	
4.	Ұңғымалардың барлық түрлерін бұрғылауға жасырын жұмыс актілері;	
5.	Қазаншұңқырлардың түбіне қатты материалдарды (шақпақтас, майда тас) тастауға жасырын жұмыс актілері;	
6.	Топырақты және құмды қадалардың құрылысы кезінде ұңғымаларды толтыруға жасырын жұмыс актілері;	
7.	Тік (вертикальды) дренаж бен дренаждардың барлық түрлеріне және дренажды бұркеу құрылысына жасырын жұмыс актілері;	
8.	Іргетастардың құрылысына арналған жасырын жұмыстар актісі;	
9.	Жабдықтау астына іргетастар құрылысының жасырын жұмыс актісі;	
10.	Жобалаушы ұйымның қорытындысы мен қада сынағының жасырын жұмыс актісі;	
11.	Іргетас блоктары монтажының актісі;	Қосымша 3
12.	Қағылатын қадалардағы (шпунтты қатардың) қадалы іргетасты куәландыру мен қабылдау актісі;	Қосымша 28
13.	Тіреуіштерді бетондауға арналған бұрғыланған ұңғымалардың қуысын, қабыршақ негізіндегі ұңғымаларды және кеңейтулерді куәландыру мен қабылдау актісі;	Қосымша 29
14.	Іргетастарға арналған ашық шұңқырлар мен қазаншұңқырларды тексеру актісі.	Қосымша 30

1.6 Бетон жұмыстары

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Темірбетон конструкцияларын арматуралауға жасырын жұмыс актілері;	
2.	Тығындау бөлшектерін орнатуға жасырын жұмыс актілері;	
3.	Тығындау бөлшектері мен дәнекерлі құрамаларды (жіктер, түйіспелер) коррозиядан қорғауға жасырын жұмыс актілері;	
4.	Қалып конструкцияларының белгілері мен осьтерін инструменталды тексерумен және құрамамонолитті (оларды монолиттегенге дейін) конструкциялардың құрылысына жасырын жұмыс актілері;	
5.	Монолитті бетон бөліктері мен конструкцияларына жасырын жұмыс актілері;	
6.	Конструкцияларды бетондауға жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
7.	Бетонның соңғы үлгілерін дайындау туралы акті.	Қосымша 31

1.7 Құрама темірбетондар мен бетон конструкцияларының монтажы

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Егер құрама элементтер өзге жұмыстармен жасырылған болса, оларды бітеу мен анкерлеу және тіреуге жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Арматура өнімдерін, орнату бөлшектерін дәнекерлеуге жасырын жұмыс актілері;	
3.	Бітеу (монолиттау) және жіктер мен түйіспелерді герметизациялауға жасырын жұмыс актілері;	
4.	Нығайтылатын құрастыру кезінде және монтаждау кезінде арматураны керуге жасырын жұмыс актілері;	
5.	Дыбыс өткізбеу, жылу өткізбеу, бу өткізбеу құрылысына жасырын жұмыс актілері;	
6.	Баспалдақ басқыштары және алаңдары, балкондар және эркерлер, маңдайшалар, ернеу тақталары және т.б. тегістеуге арналған жасырын жұмыс актілері;	
7.	Әр қабат бойынша жабынды монтаждау актісі;	
8.	Әр қабат бойынша қабырға панельдерін монтаждау актісі;	
9.	Темірбетон колонналарын монтаждау актісі;	
10.	Арқалықтар мен негізгі арқалықтарды монтаждау актісі;	
11.	Арқалықтар мен жабындарды анкерлеу актісі;	
12.	Қалқандар мен шатыр конструкцияларын монтаждау актісі;	
13.	Саты марштары мен алаңдарын монтаждау актісі;	
14.	Балкондар мен лоджияларды монтаждау актісі;	
15.	Балкондарды сынау актісі;	
16.	Балкондар мен лоджияларға қоршау орнату актісі;	
17.	Көпірді құрылысына арналған жауапты арнайы көмекші құрылғыларды қабылдап алу актісі;	Қосымша 32
18.	Монолитті конструкциялардың орнатылған қалыптары мен орнатылған арматураларын куәландыру мен қабылдап алу актісі;	Қосымша 33
19.	Монолитті темір бетоннан (бетоннан) жасалған конструкцияларды куәландыру мен қабылдап алу актісі.	Қосымша 34

1.8 Болат конструкцияларын монтаждау

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Қоршаған ортаның кері әсерінен қорғайтын төбелерді алдын ала дайындаудың жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Өзге жұмыстарды (арматуралау) өндіру барысында көрінбейтін болат конструкцияларын орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
3.	Көтергіш металл конструкцияларын (аралық, арқалық т.б.) сүйеу мен анкерлеудің жасырын жұмыс актілері;	
4.	Құрылыс конструкциялары мен орнату бөлшектерін, дәнекерлеу құрамаларын тотығудан сақтаудың жасырын жұмыс актілері;	
5.	Анкерлі болттарды орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
6.	Жоғары берік болттармен біріктіру монтажының жасырын жұмыс актілері.	

1.9 Ағаш конструкцияларды монтаждау

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Антисептикалық жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Ағашты өртке қарсы өңдеудің жасырын жұмыс актілері;	
3.	Терезе және есік блоктарын орнатудың (қораптарды бекіту, жылылықты шығармау, қорғанысты өңдеу) жасырын жұмыс актілері;	
4.	Көтергіш ағаш конструкцияларын (аралық, арқалық т.б.) сүйеу мен анкерлеудің жасырын жұмыс актілері;	
5.	Терезе алды тақталарын салу актілері.	

1.10 Жеңіл қоршау конструкцияларды монтаждау

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Панельдерді, тақталарды, табақтарды, каркастарды бекітудің жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Панельдер арасындағы қуыстарды жылылаудың жасырын жұмыс актілері;	
3.	Әшекей әйнектер мен шыныларды монтаждау актілері;	
4.	Есік және терезе қораптарының шетін герметизациялау актілері;	
5.	Терезе және есік қораптарын (құрылыс алаңдарына сәйкес) монтаждау актілері.	

1.11 Тас конструкцияларын тұрғызу

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Арматуралы қалаудың жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Тығын бөлшектерін орнату және оларды тотығудан қорғаудың жасырын жұмыс актілері	
3.	Шөгінді және сейсмикаға қарсы жіктерді орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
4.	Аралық, прогондар, арқалықтар, жабын тақталары, қабырғаға арналған бөгеттер, қадалар мен тіреулер және оларды қалау барысында бекіту орындарын дайындаудың жасырын жұмыс актілері;	
5.	Құрастырмалы темір бетонды бұйымдарды: карниздер, балкондар және өзге де консольді конструкцияларды қалаудағы жасырын жұмыс актілері;	
6.	Ауа тазартқыш және түтін қуырларын, жылғаларды орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
7.	Қабат бойынша қабырғаны кірпішпен қалау актілері;	
8.	Бағаналар мен пилондарды кірпішпен қалаудың жасырын жұмыс актілері;	
9.	Кірпішті қалқалардың жасырын жұмыс актілері;	
10.	Лифт шахталарын монтаждаудың жасырын жұмыс актілері;	
11.	Ғимарат пен имарат конструкцияларын сынау актісі.	Қосымша 35

1.12 Оқшаулау жұмыстары

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Гидроизоляцияның алғашқы қабатын жөндеу және орнату үшін бетті дайындаудың жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Гидроизоляцияның келесі қабатын орнату үшін оның алдыңғы қабатын құрудың жасырын жұмыс актілері;	
3.	Сазбен, қалаумен, қорғанис қоршау немесе сумен жабылатын жерлерде гидроизоляцияны орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
4.	Ақаулы және температуралы жікті гидроизоляцияларды салудың жасырын жұмыс актілері;	
5.	Түйіскен жерлердегі гидроизоляцияны орындаудың жасырын жұмыс актілері	
6.	Дайындық қабаты астына негізді орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
7.	Жылуизоляциясының келесі қабатын орнату үшін оның алдыңғы қабатын құрудың жасырын жұмыс актілері;	

(жалғасы)

8.	Топырақпен немесе қорғаныс қоршау жапқанға дейін жылуизоляциясы мен изоляция қаңқасын орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
9.	Бу өткізбейтін жабынды орнатудың жасырын жұмыс актілері;	
10.	Дыбыс өткізбейтін конструкция актілері;	
11.	Бу изоляция актілері;	
12.	Санитарлық торап гидроизоляциясының актілері;	
13.	Сыртқы панель жіктерін герметизациялау актілері.	
14.	Гидроизоляцияны куәландыру мен аралық (соңғы) қабылдау актісі.	Қосымша 36

1.13 Едендердің құрылысы

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Еден асты негіздің (сонымен қатар топырақты негіздің) құрылымына жасырын жұмыс актілері;	Қосымша 3
2.	Еденнің әрбір конструктивті элементіне (төсеніш қабат, гидроизоляция, тұтастағыш, еден асты және таза еденнің ауасын алмастыру) жасырын жұмыс актілері.	

1.14 Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы	
1.	Сынақ актілері (сынақ өңдеу жұмысы басталғанға дейін жүргізілу керек);	Қосымша 37	
2.	Монтажалған жабдық актілері (жеке сынақтар);		
3.	Гидростатикалық немесе манометрлік әдіспен жылыту, жылумен қамту, ішкі суық және ыстық сумен қамту жүйелерінің сынақ актілері;		
4.	Ішкі канализация мен суағар жүйесін салу актілері;		
5.	Жылыту құрылғыларының тегіс жылытуына жылыту жүйелерін сынау актілері (сынақ өңдеу жұмысы басталғанға дейін жүргізілу керек);		
6.	4 сағаттық үздіксіз жұмыс барысында құрылғыларды сынау актілері. Осыған орай дөңгелектердің теңдігі және сорғы құрамасындағы роторлар, сальникті толтыру сапасы, электродвигательдерінің қызу деңгейі, өндіруші-кәсіпорынның техникалық құжатында көрсетілгендей құрылғыларды жинау мен монтаждау талаптарын орындау тексеріледі;		
7.	Ішкі салқын және ыстық сумен қамту жүйелерін сынау актілері (Ішкі салқын және ыстық сумен қамту жүйелері гидростатикалық немесе манометрлік әдіспен сыналу қажет, сынақ жиналмалы арматура орнатылғанға дейін жүргізілу керек);		
8.	Манометрлік және гидростатикалық жылыту және жылумен қамту жүйелерін сынау актілері;		
9.	Жылыту жүйелерін жылыту құрылғыларының тегіс жылытуына сынақ актілері;		
10.	Қазандықтарды сынау актілері (бекіту жұмыстары жүргенге дейін, қазан және су жылытқыштар, оларға орнатылған арматуралармен бірге гидростатикалық әдіспен сыналу қажет);		
11.	Ішкі канализация мен суағардың сынақ актілері (санитарлы құрылғылардың 75% бірден ашып, суды ағызу әдісімен);		
12.	Ауаны тазарту және ауаны кондиционерлеу жүйесінің актілері;		Қосымша 38
13.	Ауаны тазарту және ауаны кондициялау жүйесінің төлқұжаты.		Қосымша 38

1.15 Ауаны тазарту

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Вентблоқты монтаждаудың жасырын жұмыстар актісі;	Қосымша 3
2.	Вентблоқты тексерудің жасырын жұмыстар актісі;	
3.	Түтінді шығару жүйесін қабылдау актісі;	Қосымша 39
4.	Табиғи ауаны тазарту жүйелерін қабылдау актісі;	Қосымша 72
5.	Ауаны кондициялау жүйелерін қабылдау актісі;	Қосымша 73
6.	Шаң сору жүйелерін қабылдау актісі.	Қосымша 74

1.16 Кәріз

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Ішкі сантехникалық құрылғыларды қабылдап алуға жасырын жұмыс актісі;	
2.	Ішкі кәріз жүйесін тексеру актісі;	
3.	Ішкі кәріз жүйесін тексеру мен сынау актісі;	
4.	Санитарлық-техникалық кабиналар монтажының актісі;	
5.	Алаңдық дренажды қабылдап алу актісі;	
6.	Ірге тастың дренажын қабылдап алу актісі;	
7.	Нөсерағындарын тексерудің жасырын жұмыстар актісі;	
8.	Ішкі кәріздер мен суағарлар жүйесін сынау актісі.	Қосымша 40

1.17 Сумен қамту

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Өртке қарсы су құбырын сумен қамту бойынша сынау актісі;	Қосымша 41
2.	Герметикаға гидростатикалық немесе манометрикалық сынау актісі;	Қосымша 42
3.	Шаруашылық-ауызсумен жабдықтау құбыржолдарын шаю және зарарсыздандыру туралы акт;	Қосымша 62
4.	Арынсыз құбыржолды герметикалығына қабылдау-гидравликалық сынау өткізу туралы актісі;	Қосымша 63
5.	Арынды құбыржолды беріктік пен герметикалығына пневматикалық сынау өткізу туралы қабылдау актісі;	Қосымша 64
6.	Шаруашылық-ауызсу және ыстық сумен жабдықтау ішкі жүйелерін қабылдау актісі.	Қосымша 71

1.18 Жылыту жүйесі

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Құрылысы біткен жылыту жүйесін тұрақты пайдалануға қабылдау актісі;	Қосымша 43
2.	Герметикаға гидростатикалық немесе манометрикалық сынау актісі;	Қосымша 44
3.	Жылыту пункті мен бойлерлікті (жергілікті жылумен қамту көзі) қабылдау актісі.	Қосымша 70

1.19 Күш тоғының электр желілері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Ішкі жарықтың жануын сынау актісі;	Қосымша 46
2.	Фазалау хаттамасы;	Қосымша 45
3.	Оқшаулау кедергісін өлшеу хаттамасы.	Қосымша 47

1.20 Электротехникалық құрылымдар

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Электр жабдықтарын жеке сынау актісі;	Қосымша 37
2.	Кешенді сынамадан соң жабдықтарды қабылдау туралы жұмыс комиссиясының актісі;	Қосымша 49
3.	Найзағайдан қорғанысты қабылдау актісі.	Қосымша 75

1.21 Желілер (нүктелер)

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Жабдықтарды монтаждауға өткізу актісі;	Қосымша 50
2.	Орынжайлардың (имараттардың) құрылыстық бөлігінің электр монтаждау жұмысын атқаруға дайындық актісі;	Қосымша 51
3.	Жабдықтарды монтаждауға қабылдау-тапсыру актісі;	Қосымша 52
4.	Монтаждық жұмыстың бітуі туралы акті;	Қосымша 53
5.	Электр сымдарының изоляциялық кедергісін өлшеу актісі;	Қосымша 54
6.	Электр сымдарын қабырға, төбелік және еденде жүргізудің жасырын жұмыстарын куәландыру актісі;	Қосымша 3
7.	Жасырын жұмыстарды куәландыру актісі (шоғырсым желілерді жермен тарту).	

1.22 Автоматтандыру жүйелері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Құбыр желілерінің беріктігі мен тығыздығын сынау актісі;	Қосымша 4
2.	Электр сымдарының оқшаулаулары кедергілерін өлшеу актісі;	Қосымша 54
3.	Жекелеген автоматтандыру жүйелерін пайдалануға қабылдау актісі;	Қосымша 48
4.	Автоматизациялау құралдары мен құрылғыларын тексеру актісі;	Еркін формада
5.	Іске қосу жұмыстарының қорытындыларының хаттамасы;	
6.	Құрылысы аяқталған нысанды қабылдау актісі.	Қосымша 55

1.23 Газбен қамту жүйесі

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Жер асты газ құбыржолының құрылыстық төлқұжаты;	Қосымша 56
2.	Газ тарату жүйесінің құрылысы аяқталған нысанын қабылдау актісі.	Қосымша 64

1.24 Жылыту желілері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Құбырлардың беріктігі мен бүтіндігін сынау;	Қосымша 57
2.	Жылыту желісі құбырларын жуу (үрлеу) және зарарсыздандыру актісі.	Қосымша 58

1.25 Сумен қамту және кәріздің сыртқы желілері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Қысымды құбырлардың беріктігі мен герметикалығын қабылдау-гидравликалық сынау жүргізу туралы актісі;	Қосымша 59
2.	Қысымсыз құбырлардың беріктігі мен герметикалығын қабылдау-гидравликалық сынау жүргізу туралы актісі;	Қосымша 60
3.	Шаруашылық-ауыз сумен қамту құбырларын және құрылғыларды жуу мен дезинфекциялау актісі.	Қосымша 61

1.26 Технологиялық жабдықтар мен технологиялық құбырлар

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Жөнделген жабдықтар мен құбырлардың беріктігі мен бүтіндігін жеке сынау (гидравликалық, пневматикалық) актісі;	Қосымша 59
2.	Жабдықтар мен құбырларды кешенді тексеру үшін (сынақтан кейін) қабылдап алу актісі;	
3.	Жабдықтарды кешенді тексеруді аяқтау туралы акті.	

1.27 Инженерлік жүйелерді пайдалануға қабылдау актілері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1.	Сыртқы су құбырларын, канализациялық желілерді, жылу желілерін, газбен қамту нысандарын, телефон желілерін, автоматизациялау жүйелерін және өзге де жүйелерді қабылдап алу актісі;	Қосымша 3
2.	Лифт жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстарды өндіруге құрылыс бөлігінің дайындық актісі.	Қосымша 59

1.28 Жұмыстың өзге түрлері

Рет №	Құжаттың аталуы	Формасы
1	Қоқыс құбырларын тексеру және қабылдап алу актісі;	Қосымша 67
2	Жеке сынақтардан кейін жабдықтарды қабылдап алу актісі;	Қосымша 6
3	Пайдалануға қабылдап алға ұсынылған нысан территориясын абаттандыру және көгеріштендіруді қабылдау актісі.	Қосымша 76

2 Нысан бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды міндетті бақылау мен қабылдау кезеңдерінің тізілімі

Реттік №	Бақылауға жататын жұмыс кезеңдері мен конструктивті элементтердің атауы	Бақылау түрі	Бақылау мен қабылдау жүргізілетін құжаттама	Ұсынылатын атқарушы құжаттама
1	2	3	4	5
1 кезең. Құрылыс алаңын дайындау				
1.1	ЖСҚ -мен танысу	Тегіс	Жоба, ҚҰЖ	Жұмыс сызбалары
	Алаңда			
1.2	Құрылысқа арналған алаңды тапсырыс берушіден, құрылыс салушыдан қабылдап алу. Қала Әкімдігінің құрылысқа жер телімін беру туралы шешімі.		Жоба, ҚҰЖ	Қазан шұңқырды қоршау мен қазып шығару туралы ордер; - құрылыстарды бұзу
2 кезең. Құрылыс алаңын беру				
2.1	Құрылыс жасау аймағындағы бұзу мен материалдарды жинастыру, инженерлік коммуникацияларды шығару мен қайта салу. Бірінші орындағы ТЖ бойлер, нассостарды салу, жер асты құрылысын төсеу мен жабу. Алаңды қоршау. Нысан құжатын жасау. Уақытша дәретхана тұрғызу.	Таңдамалы	Жоба	Инженерлік желілерді ауыстыру ордері

(жалғасы)

2.2	Талдарды, тіреулерді, тамырларды қазып алу.	Таңдамалы	Жоба	
2.3	Алынуға жатпайтын жасыл талдарды қоршау	Таңдамалы	Жоба	
2.4	Өсінді топырақтарды кесу және орнын ауыстыру. Арнайы дайындалған жерге жинау және бекіту.	Таңдамалы	Жоба	ҚҰЖ
2.5	Үйіндіні нығыздау арқылы алаңның бастапқы вертикальды жоспарлануы	Таңдамалы	Жоба,	ҚҰЖ
2.6	Уақытша сукұбырының, өтпенің құрылысы	Таңдамалы	Жоба	ҚҰЖ
3 кезең. Алаңшілік жер асты коммуникациялары				
3.1	Инженерлік желілердің құрылымы. Қазаншұңқырлар мен траншеяларды бөлу және қазып шығару.		Жоба	Реперді сыртқа шығару, ғимартты отырғызу, топырақтарды (Ф-8) тексеру туралы акті. Құжат, сертификат, атқарушы түсірілім. Жасырын жұмыстарды тексеру актілері. Субмердігерлер жасаған барлық инженерлік коммуникацияларды сақтауға беру туралы акті.
3.1a	Су құбыры - тас жолды бөлу; - траншеяларды шығару; - құбырларды монтаждау үшін негіздерді дайындау; - құбырларды біріктіріп және ілмектік арматураларды орнату, құбырларды гидроокшаулау – құдықтар мен камералардың негізін салу. Құдықтар мен камераларды монтаждау. Құбырларды үстінен қорғаныш орнату; - алғашқы гидравликалық сынақ; - жолдың бірікпейтін топырақпен байланысқан жерін қойынмен жабу.	Таңдамалы. Су құбыры Пластик калық құбырлар Металлополимер	Жоба	Құжат, сертификат, атқарушы түсірілім. Жасырын жұмыс актілері, инженерлік коммуникацияларды сақтауға беру туралы акті.

(жалғасы)

3.2	Кәріз –тас жолды бөлу - траншеялар бөлігі - құбырасты негіздерді дайындау – түйіспелерді бітеп, құбырларды төсеу. - құдықтар мен камералардың негізін салу – құдықтарды монтаждау –жолдың бірікпейтін топырақпен байланысқан жерін қойынмен қайта жабу. - құбырларды шаю	Таңдамалы	Жоба	Бас мердігерде жасырын жұмыс актілерін өткізу туралы акті. Атқарушы түсірілім, техникалық құжат
3.3	Жылу жолы - тас жолды бөлу - траншеялар бөлігі – камера науа асты негіздерін дайындау – науаларды гидроизоляциялық монтаждау және жылумен қамтамасыз ету камераларының және жылжымайтын таяныштардың құрылысы – таяныш жастықшаларын орнату – құбырларды төсеу және ілмекті арматуралардың бірікпелерін дәнекерлеу – құбырларды гидравликалық сынау – құбырларды тотығудан қорғау жабындысы - құбырларды жылу өткізгіштігі – каналдарға бөгет жасау – тас жолды шаю – екінші гидравликалық сынақ	Таңдамалы	Жоба	Сертификаттар, жұмысты куәландыру актісі
	-жылжымайтын таяныштарды дәнекерлеу			Атқарушы
	- жолдың бірікпейтін топырақпен байланысқан жерін топырақпен гидроизоляциялау, төсеу және қатайту.			түсірілім, техникалық құжат және өзге де құжаттамалар
3.4	Уақытша жол, құрылыс алаңын және тұрмыстық қалашықтарды салу	Таңдамалы	Жоба	ҚҰЖ, құрылыстың бас жоспары

(жалғасы)

4 кезең. Нөлдік кезең				
3.5	Уақытша коммуникация жүргізу арқылы тұрмыстық қалашық құрылысы	Тегіс	Жоба	ҚҰЖ, ЖАЖ
ЕСКЕРТПЕ Алаңдық емес желілерді өзге кезеңдерден тыс VIII кезең алдында орындау қажет.				
4.1	Іргетасты салудың негізін дайындау	Таңдамалы. Бақылау		Материал құжаты
4.2	Іргетастардың құрылысы	Таңдамалы		Бетонды қабылдау актісі
4.2а	Ленталы іргетастардың құрылысы	Таңдамалы		Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері. Бетон жұмыстарының журналы
4.2 б	Тіреулі іргетастардың құрылысы	Таңдамалы		Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері. Бетон жұмыстарының журналы
4.3	Дәнекерлеу жұмыстары ҚР ҚН 3.05-24-2004	Таңдамалы		Дәнекерлеу жұмыстарының журналы, ванна дәнекерінің сапасы бойынша зертхана қорытындысы
4.4	Темір бетон конструкциялары мен материалдар	Таңдамалы	МемСТ,ТЖ	Бұйымдар мен материалдар құжаты
4.5	Бағаналарды монолиттеу және жергілікті қабырғаларының цокольдік панельдерінің конструкцияларын монтаждау	Таңдамалы	Жұмыс сызбалары	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері, бетон сапасы бойынша зертхана қорытындысы. Дәнекерлеу жұмыстарының журналы
4.6.	Цокольді қабаттың гидрожылу изоляциясы	Таңдамалы	Жұмыс сызбалары	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
4.7	Еден асты шұңқырлардың, кіре берістің және ерудің инженерлік коммуникацияның құрылымы	Таңдамалы	Жұмыс сызбалары	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
4.8	Еден асты негізі мен дайындығының құрылымы	Таңдамалы		Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
4.9	Еден құрылымы (құбырмен бөлу арқылы)	Таңдамалы		Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
4.10	Арқалықтарды монтаждау, Бағаналарды монолиттеу және жабындар	Таңдамалы	Жоба	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері

(жалғасы)

4.11	Тығыздау арқылы қойындарды топырақпен қайта себу	Таңдамалы		Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
4.12	Жертөле қабырғаларының, қоршауларының құрылысы	Таңдамалы.		Элеватор түйіндері мен су өлшем түйіндерінің жұмыс сызбалары
4.13	Бужылуизоляциясы, гидроизоляция конструкциялар			
4.14	Цокольді қабатты геодезиялық қабылдау			Актілер
4.15	ГРЦ, ЦТП, НС, ТП- Монтажи (кезеңдерден тыс)	Таңдамалы.	Жобаның технологиялық картасы	Актілер, ТЖ, сертификаты, паспорт. Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері. Жұмыс комиссиясының актілері ҰҚ 1328 15.10.2002 ж.
5 кезең. Жерүсті бөлігі				
5.1	Жерүсті бөлігінің монтажи	Таңдамалы.	Технологиялық карталар	Бұйымдар мен материалдар құжаты. Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
5.2	Бұйымдар мен материалдар	Тегіс	Жұмыс сызбалары	Сертификаттар
5.3	Конструкциялардың кезеңдік монтажи	Тегіс		Конструкцияларды монтаждау актілері
5.4	Сыртқы қабырға бірікпелерінің гидро- және жылу изоляциясы	Таңдамалы		Конструкцияларды монтаждау актілері
5.5	Бірікпелерді монолиттеу	Таңдамалы		Конструкцияларды монтаждау актілері
5.6	Дәнекерлеу жұмыстары	Таңдамалы		Конструкцияларды монтаждау актілері
5.7	Теледидар антенналарына, радио ағымына, тартылу шахтасына, шатырларға арналған бекіткіш элементтерді орнату арқылы жабын құрылысы	Тегіс.	Жұмыс сызбалары	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
5.8	Ұста бұйымдары мен терезе алды тақталарын орнату	Таңдамалы	Жобаның технологиялық картасы	Бұйымның төлқұжаты
5.9	Терезе мен есіктерді шынылау	Таңдамалы		Бұйымның төлқұжаты
5.10	Жасырын электрсымдары	Таңдамалы	Жоба	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері. Бұйым құжаты

(жалғасы)

5.11	Ішкі жылыту жүйесінің және жауын суы ағысының монтажы	Таңдамалы		Құжаттар. Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
6 кезең. Сылақ жұмыстары				
6.1.	Сылақ жұмыстары: - цокольді қабаттың - 1-ші қабаттың және т.б.	Тегіс	Жобалы-технологиялық карта,	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
6.2	Еден астын дайындау	Тегіс	Жобалы-технологиялық карта,	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
6.3	Төбені сырлауға дайындау	Таңдамалы	Технологиялық карта	
6.4	Құрама шкафтар монтажы	Таңдамалы	Жобалы-технологиялық карта,	
6.5	Тазалық өңдеуге өткізу	Тегіс		Жұмыс журналындағы рұқсаттар
6.6	Қаптамалау жұмыстары	Тегіс	Технологиялық карта	Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері
7 кезең. Лифттер				
7.1	Монтаждық жұмыстарды өндіруге ұйымдасқан-техникалық дайындық	Таңдамалы	Жоба, лифт құжаты	Жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды өндіруге құрылыс бөлігінің дайындық актісі
7.2	Лифт шахтасында және көлік бөлмесінде электржабдықтарын монтаждау		Жоба, лифт құжаты	Жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды өндіруге құрылыс бөлігінің дайындық актісі
7.3	Кабиналарды басқаратын таяныштарды, басқару станцияларын, шахта есіктерінің теңдігін, жылдамдықты шектеуді орнату	Таңдамалы	өндіруші зауыттың орнату жобасы	
ЕСКЕРТПЕ VI және VII кезеңдерді бір сәтте өткізуге болады.				
8 кезең. Сантехникалық жұмыстар				
8.1	Ішкі ыстық сумен, салқын сумен қамту, канализация жүйелерінің монтажы	Таңдамалы		Құжаттар, актілер, сертификаттар
8.2	Жылыту жүйесін сынау, сумен қамту, жуу	Таңдамалы		Сынақ актісі, Жылыту жүйесін шаю
8.3	Газбен қамту жүйелерінің монтажы және жүйелердің беріктігін сынау	Таңдамалы	Жобалы технологиялық карталар	Сертификаттар, жасырын жұмыс актілері, сынақ, тех.құжатты түсіру
8.4	Барлық технологиялық саңылауларды бітеу	Таңдамалы	Жоба	

(жалғасы)

9 кезең. Электрмен қамту, телефон орнату, газбен қамтудың сыртқы желілері				
9.1	Тік жобалаудың дайындығы	Тегіс.	Жоба	ҚҰЖ
9.2	Телефон орнату - тас жолды бөлу - траншеяларды бөлу - негіздерді дайындау - телефон канализация құбырларын төсеу - телефон құдықтарын орнату Траншеяларды қайта себу - цилиндрді тарту		Жоба, технологиялық карта	Жасырын жұмыс актілері. Атқарушы түсірілім
9.3	Электрмен қамту - тас жолды бөлу - траншеяларды бөлу - аз вольтті және жоғары вольтті кабельді желілерді қосу нүктесінен бастап ғимарат - кірпішіті қалау және төсем - қайта себу	Таңдамалы Тегіс	Жоба	Жасырын жұмыс актілері. Атқарушы түсірілім Сынақ протоколы. Бас жобаны сақтауға өткізу
9.4	Радио және телефикация-лау	Тегіс	Жоба	Жасырын жұмыс актілері.
	Газбен қамту - тас жолды бөлу - траншеяларды бөлу - құбырларды монтаждауға негіздерді дайындау - жекеленген құбырларды және ілмекті арматураларды төсеу. - ГПЩ және өзге жобаларды орнату - дәнекерленген бірікпелерді өткізу – құбырлардың беріктігін тексеруге ұсыну (3 кг/см ²) – құбырлардың тығыздығын тексеруге ұсыну (1 кг/см ²) - тас жолды себу - құбырларды ЭПІД-ке ұсыну - топырақты қабаттап тығыздаумен тас жолды себу	Тегіс Таңдамалы.	Жоба, технологиялық карта	Сертификаттар

(жалғасы)

10 кезең. Өңдеу және іске қосу жұмыстары				
10.1	Алаңнан тыс желілердің бітуі. Инженерлік коммуникацияларды істеп тұрған желілерге қосу	Таңдамалы	Жоба	
10.2	Щитті электр жабдықтар, қабаттық электр щиттері, байланыс пен телеарналарды жоғары электр жабдықтары мен басқару құрылғылары	Тегіс	МемСТ, ТЖ	Актілер, құжаттар
10.3	Сырлаушылық жұмыстар	Таңдамалы	МемСТ	Материал құжаттары
10.4	Розетка, қосқыштар мен тарату қораптарының монтажи	Таңдамалы	ПУЭ РК	Материал құжаттары
10.5	Төбені сырлау	Таңдамалы	Жоба, технологиялық карта	Материал құжаттары
10.6	Таза еден құрылымы	Таңдамалы	Жоба, технологиялық карта	Жасырын жұмыс актілері
10.7	Құбырлардың жылу изоляциясы	Таңдамалы	Жоба	Жасырын жұмыс актілері
10.8	Санфаянс орнату	Таңдамалы	Жоба	Жасырын жұмыс актілері
10.9	Жүйелерді тазарту: - жылу - сукұбыры - канализация	Таңдамалы		Жасырын жұмыс актілері
10.10	Газ плиталарын орнату. Ішкі газқұбырларының беріктігі мен тығыздығын сынау	Таңдамалы		Сынау актісі, дәнекерлеуші куәлігі
10.11	Шамдар мен құрылғы бұйымдар, электресеппегіштер және электрпиталары	Тегіс	МемСТ, жұмыс сызбалары	Жасырын жұмыс актілері, тексеріс протоколы
10.12	Электр щиті, қуатты электр жабдықтары бойынша іске қосылған жұмыстар	Тегіс		Реттеу протоколы, жүйелерді өткізу актісі
10.13	Теледидар, радио тарату, телефондау бойынша іске қосылған жұмыстар	Таңдамалы	Жоба	Жүйелерді өткізу актісі
10.14	Вентиляция жүйелерін сынау	Таңдамалы	Жоба	Сынау актісі

(жалғасы)

10.15	Лифттер Лифт шахтасында және көлік бөлімінде электр жабдықтарын реттеу - лифт жабдықтарын теңестіру және реттеу - лифтерді іске қосу және сынақтан өткізу - пайдалануға техникалық дайындықты қабылдау анықтамасы	Таңдамалы	Жоба, лифт құжаты	Сынау актісі
11 кезең. Абаттандыру				
11.1	Абаттандыру элементтері сапасының кіріс бақылауы	Таңдамалы		Құжаттар, сертификаттар
11.2	Абаттандыру элементтерін жинақтау мен сақтау	Таңдамалы	Жоба, ҚҰЖ	Нобайлар
11.3	Тік жоспарлаудың дайындығы	Тегіс	Жоба, ҚҰЖ	Нобайлар
11.4	Өтпе жол, тротуар және газондарды орнату мен тығыздау	Тегіс	Жоба, технологиялық карта	Нобайлар. Зертханалық актілер
11.5	Жол жиекті тастарды орнату	Тегіс	Технологиялық карта	Зертханалық актілер
11.6	Топырақтарды, қойындарды нығыздау және ғимараттардың ірге жаппасының құрылымы	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.7	Үстіңгі жабын құрылымы -асфальтталған -ж/б тақталар және алаңдық тақталар -бөліктердегі жабын -арнайы қоспалардағы жабын	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.8	Спорт алаңдарының құрылысы	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.9	Кіші форма құрылысы	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.10	Баспалдақтардың сүйеу қабырғаларының құрылысы	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.11	Көгалдандыру	Тегіс	Жоба	Зертханалық актілер
11.12	Сыртқы жарықты монтаждау бойынша жұмыстар	Таңдамалы		Энергиябақылау және қалалық жарықтың тізімі бойынша

(жалғасы)

11.13	Инженерлік жабдықтар мен желілерді пайдалану туралы келісім шарттың қорытындысы	Таңдамалы	МемСТ, жоба	Ыстық, суық сумен қамту, жылыту жүйесінің келісім шарты
12 кезең. Қабылдау, жұмыс және мемлекеттік комиссия жұмыстары				
12.1.	Қабылдау комиссиясының жұмысы	Тегіс	Жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама, сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыстық қызмет саласындағы заңнама ҚР ҰҚ 15.10.2001ж. №1328, нормативтік-техникалық құжаттар	Салынған нысанды пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының актісі
12.2	Жұмыс комиссиясының жұмысы	Тегіс	Жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама, сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыстық қызмет саласындағы заңнама ҚР ҰҚ 15.10.2001ж. №1328, нормативтік-техникалық құжаттар	Қосымша АҚ50-651-87 Мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін жұмыс комиссиясының салынған нысанның дайындығы туралы қорытындысы. Нысандарды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік комиссия актісі
12.3	Салынған нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияның жұмысы:	Тегіс	Жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама, сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыстық қызмет саласындағы заңнама ҚР ҰҚ 15.10.2001ж. №1328, нормативтік-техникалық құжаттар	Мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін жұмыс комиссиясының салынған нысанның дайындығы туралы қорытындысы. Нысандарды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік комиссия актісі

II Нормативтік-техникалық құжаттама жазбалары

1 Құрылыстық-монтаждық жұмыстарды өндіру барысына қажетті нормативтік-техникалық құжаттамалар тізімі

Құрылыс-монтаждық жұмыстарды өндіру барысына қажетті нормативтік-техникалық құжаттамалар тізімі лицензиялық қызметтің түрі және бір түріне байланысты СҚҚК 1-2011 [1] сәйкес қабылданады.

Ұйымдастырушы-әдістемелік нормативтік құжаттар

Кешен 1.01 Стандарттау, нормалау және сертификаттау

Кешен 1.02 Құрылыс және жобалауға арналған инженерлік ізденулер

Кешен 1.03 Өндіріс

Кешен 1.04 Пайдалану

Кешен 1.05 Қала құрылыс кадастры

Кешен 1.06 Сәулет және қала құрылысы қызметі

Жалпы нормативтік-техникалық құжаттар

Кешен 2.01 Құрылыс имараттары беріктігінің негізгі ережелері

Кешен 2.02 Өрт қауіпсіздігі

Кешен 2.03 Қауіпті геофизикалық әсерден қорғаныс

Кешен 2.04 Ішкі климат және кері әсерден қорғаныс

Кешен 2.05 Көлемді қайта алмастыру мен сәйкестік

Қала құрылысы, ғимарат және имараттар бойынша нормативтік-техникалық құжаттар

Кешен 3.01 Қала құрылысы

Кешен 3.02 Тұрғылықты, қоғамдық және өндірістік ғимараттар мен имараттар

Кешен 3.03 Көлік құрылысы

Кешен 3.04 Гидротехникалық және мелиоративті құрылыстар

Кешен 3.05 Магистральді және кәсіптік құбырлар

Кешен 3.06 Мүгедектер мен өзге де әлеуметтік қорғаныстағы тұрғындарды қол жетімді ортамен қамтамасыз ету

Ғимараттар мен имараттарды және сыртқы жүйелерді инженерлік қамтудың нормативті құжаттары

Кешен 4.01 Сумен қамту және кәріз

Кешен 4.02 Жылумен қамту, жылыту, ауа тазарту және ауа алмастыру

Кешен 4.03 Газбен қамту

Кешен 4.04 Электрмен қамту

Кешен 4.05 Қоқыстан тазарту

Құрылыс конструкциялары мен бұйымдарға арналған нормативтік-техникалық құжаттар

Кешен 5.01 Ғимараттар мен имараттардың негіздері мен іргетастары

Кешен 5.02 Тас және армотасты конструкциялар

Кешен 5.03 Темір бетонды және бетонды конструкциялар

Кешен 5.04 Металл конструкциялары

Кешен 5.05 Ағаш конструкциялары

Кешен 5.06 Өзге материалдардан жасалған конструкциялар

Кешен 5.07 Терезелер, есіктер, қоршаулар және олардың жабдықтары

Құрылыс материалдары мен бұйымдарына арналған нормативтік құжаттар

Кешен 6.01 Қабырға қалау материалдары

Кешен 6.02 Минералды байлаушы заттар

- Кешен 6.03 Бетондар және қоспалар
Кешен 6.04 Құрылысқа арналған майда тастар, қиыршық тастар және құмдар
Кешен 6.05 Жылу өткізбейтін, дыбыс өткізбейтін және дыбысты ұстайтын материалдар
Кешен 6.06 Жабын, гидроизоляциялық және герметикалық материалдар мен бұйымдар
Кешен 6.07 Өңдейтін және қаптайтын материалдар
Кешен 6.08 Асбестоцементті бұйымдар
Кешен 6.09 Жол материалдары
Кешен 6.10 Құрылыс шынылары
Құрылыс ұйымдарын жабдықтауға арналған нормативті құжаттар
Кешен 7.01 Мобильді ғимараттар мен имараттар
Кешен 7.02 Құрылыс ұйымдарын жабдықтау
Кешен 7.03 Құрылыс индустриясы кәсіпорындарын арнайы жабдықтау
Баға белгілеуге және сметалар бойынша нормативтік құжаттар
Кешен 8.01 Құрылыс экономикасы
Кешен 8.02 Баға белгілеу және сметалар
Кешен 8.03 Материалды және жылу-энергетикалық ресурстар
Кешен 8.04 Еңбек ресурстары

2 Негіздер мен іргетастарды өндіру жұмыстары мен сапасын бақылауға қойылатын талаптар

Жер жұмыстарын өндірген кезде, негіздер мен іргетастарды орнатқан кезде [29] [1] талаптарын орындау қажет, сонымен қатар жер жұмыстарын өндірудегі техникалық қауіпсіздікті сақтау керек. Монолитті, құрама бетоннан немесе темірбетоннан, тастан немесе кірпіштен іргетасты қалау бойынша жұмыстарды өндіру барысында, жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттар негізінде [7] [14] және ҚР ҚНЖЕ 3.02-29-2004 талаптарына басшылыққа алу керек.

2.1 Қазаншұңқырларды, траншеяларды және тік жобалауды дайындау талаптары

Қазаншұңқырларды шұңқырлау көлемі конструкциялар мен қаданы қағу, іргетастарды монтаждау, изоляцияларды орнату, суды төмендету мен суды ағызу және шұңқырларда орындалатын өзге де жұмыстардың еркін орындалуын қамтамасыз етуі керек. Шұңқырлардың нақты көлемі жоспарда көрсетілген көлемнен аз болмауы тиіс.

Шұңқырда жүргізілетін құрылыстың (құбырлардың жасанды негіздерінен, коллектор және т.б. басқа) құлама үсті мен жақтау үстінің аралық қашықтығы 3.2 [29] [1] тармақтың талаптарына сай 0,6 м кем болмауы тиіс.

Траншеялардың ең аз ені төмендегі талаптарды қанағаттандыру үшін, көлем санының көптігімен қабылдану керек:

Ленталы фундаменттердің асты және өзге де жерасты конструкцияларында – қалып көлемін, изоляция мен бекіткіш қалыңдығының әр шетіне 0,2 м қоса отырып, конструкция енін есепке алу керек;

Магистральдық құбырлардан басқа құбыр астына, құламалардан 1:0,5 және жоғары – 1-1 кесте бойынша;

Магистральдық құбырлардан басқа құбыр астына, құламалардан 1:0,5 – жеке құбырларды төсеу барысында құбырдың сыртқы диаметріне 0,5 м қосу және тоқыманы төсеу барысында 0,3 м қосу;

Қисық ендіріме жерлердегі құбыр астына – траншеяның тік жерлеріне екі еселік ендіктен кем емес;

Топырақты себуден, коллектордан және жерасты каналдарынан басқа, құбырастының жасанды негізін салу кезінде – негіз енінің әр шетінен 0,2 м қосу керек;

Бір шөмішті экскаватор жасайтын – шөміштің кескіш еніне 0,15 м кем емес қосу топырақта және құмда, батпақты топырақта 0,1 м, таулы және салқын топырақта 0,4 м қосу керек;


Траншеялық экскаватор жасайтын – қазудың аз ендігінен кем емес.

Олардың белгілерін көрсететін жер жұмыстары тоқтатылып, жұмыс орнына табылған коммуникацияларды пайдаланатын тапсырыс беруші мен ұйым өкілдерін шақырып, табылған жер асты құралдарын бұзылудан қорғау үшін іс-шаралар атқарылу керек. Егер оларды пайдаланатын ұйымдар анықталмаса, онда жергілікті әкімшілік шақырылады.

Топырақты дайындау барысында, көлемсіз заттар табылса (мысалы, үлкен көлемді валундар) жобада оларды алаңнан алыстату бойынша іс-шаралар алдын-ала қарастырылу қажет.

Жерасты коммуникацияларына жақын жерде топырақ шөгуі барысында қызу температурасы олардың сырт қабатын немесе изоляциясын бүлдірмеу үшін өз мөлшерінен аспауы қажет. Шұңқырлау жұмыстарын жүргізуге рұқсат берген пайдаланушы ұйым шектеулі температураны көрсету керек.

Шұңқырлау және табиғи негіздерді салу бойынша жұмыстарды өндіру кезінде бақылау көрсеткішінің құрамы, шекті ауытқу, бақылаудың көлемі мен әдістері 2.1 кестеге сәйкес болу керек.



Сурет 2.1 - Қазаншұңқырларды (а), траншеяларды (б) және үйінділерді (в) көлденең қисықсыз бөлу нобайы

(г) - қияқабақта: 1 – сым; 2 – репер; 3 – қоршау

**1.2 кесте – Қазаншұңқырларды дайындаудағы шекті ауытқу,
бақылаудың көлемі мен әдістері**

Техникалық талаптар	Шекті ауытқулар	Бақылау (әдіс пен көлем)
1	2	3
1. Бастапқыда шұңқыр түбі белгілерінің жобадан ауытқуы (валундық, таулы және мәңгімүз топырақтардан басқа): а) тісті шөмішпен жарактанған біршөмішті экскаваторлармен	Жұмыс жабдықтарының түрлері бойынша механикалық жетегі бар экскаваторлар үшін: драглайн + 25 см тікелей қазу +10 см кері күреу +15 см гидравликалық жетегі бар экскаваторлар үшін +10 см	Өлшемді, өлшем нүктелері кездейсоқ белгіленеді; қабылданатын телімдегі өлшем сандары 20, 15, 10 кем болмауы керек
б) Жобалау жұмыстары үшін жобалық шөмішпен бір шөмішті экскаваторлар, тазартушы жабдықтармен және өзге де жабдықтармен жаракталған, жобалаушы экскаваторлар	+5 см	5
в) Бульдозерлер	+10 см	15
г) Траншеялық экскаваторлармен	+ 10 см	10
д) Скреперлермен	+10 см	10
2. Бастапқыда шұңқыр түбі белгілерінің жобадан ауытқуы таулы және мәңгімүз топырақтарда жобалы шұңқырлаудан басқа: а) жетпей қалу	Жіберілмейді	Өлшемді, визуалды көрумен белгіленген бойынша өткізілетін телімдегі өлшем сандары биік жерлерде 20-ден кем емес
б) асып кету	5 кесте бойынша	Сондай
3. Жобалық шұңқырлау секілді: а) жетпей қалу б) асып кету	10 см 20 см	
4. Валунды және кесек жерлерді қопсытусыз: а) жеткізбеу б) асырып жіберу	Жіберілмейді. Жердегі валундардың (кесектердің) максималды диаметрінен аспайтын, көлемі бойынша 15% жоғары, бірақ 0,4 м жоғары емес	
5. Ақырғы дайындық немесе жетіспеушіліктерді аяқтағаннан кейін және асырып жіберуден кейін іргетастарды орнату және конструкцияларды қалау жерлеріндегі шұңқыр түбінің белгіден ауытқуы	±5 см	Белгінің өзгерген жерлерінде, траншеялардың бұрылған және жалғасқан жерлерінде, құдықтардың орналасқан жерлерінде қазаншұңқырдың бұрышы мен ортасы бойынша өлшем әрбір 50 м сайын және қабылданатын телімде 10 өлшемнен кем болмауы керек

6. Іргетастар мен жер құрылыстарына арналған табиғи негіздердің ашық грунттарының түрі мен сипаттамасы	Жобаға сай болуы керек. Су шайып кетуіне, жұмсарып кетуіне, қопарылуына немесе қалыңдығы 3 см болатын негізді грунттың тоңып қалуына жол берілмейді	Негіздің барлық бетін техникалық тексеру
7. Қысымсыз құбырларға, су жіберетін орларға және өзге де өңесті шұңқырларға арналған траншея түбінің бойлық өңестен жобалық ауытқуы	$\pm 0,0005$ аспауы керек	Бұрылған, біріккен, құдықтар орналасқан және т.б. жерлердегі өлшем 50 м аз болмауы керек
8. Қопарылатын жерден басқа жоспарланған төбенің жобадан ауытқуы	Жабық төмендеудің болмауы кезінде $\pm 0,001$ аспауы керек	50x50 м тор бойынша визуалды (атмосфералық жауын-шашын қарқынын бақылау) немесе өлшемді
9. Суарылатын жерден басқа жоспарланған төбе белгісінің жобадан ауытқуы: а) жартассыз топырақта; б) жартасты топырақта.	± 5 см аспауы керек +10-нан 20 см дейін	50x50 м тор бойынша өлшемді

2.2 Жер жұмыстарын өндіру барысындағы сапаны бақылау түрлері

Технологиялық процесте (бақылау деңгейі) бақылау жүргізудің орны мен уақытына байланысты ол төмендегі белгілер бойынша классификацияланады:

кірісті бақылау – келіп түсетін материалдар, бұйымдар, конструкциялар, грунттар және т.б. бақылау. Бақылау міндетті түрде тіркеу әдісімен (сертификатпен, құжатпен, және т.б), ал қажет кезде өлшеу әдісімен жүргізіледі;

операциялық бақылау – жұмыстарды өндіру кезінде немесе олар аяқталғаннан кейін орындалатын бақылау. Өлшеу әдісімен және техникалық тексерумен жүргізіледі. Операциялық бақылау қорытындылары жалпы немесе арнайы жұмысы журналында, геотехникалық бақылау журналында және ұйымда сапасын басқару жүйесінде қарастырылатын өзге де құжаттарда тіркеледі;

қабылдап алуды бақылау – нысан құрылысы немесе оның кезеңдері, жасырын жұмыстар және бақылаудың өзге де нысандары аяқталғаннан кейін жүргізілетін бақылау. Оның қорытындысы негізінде бақылаудағы нысанның пайдалануға жарамдылығы туралы немесе келесі жұмыстарды орындау туралы құжаттық шешім қабылданады.

Бір көрсеткіштегі қабылдап алуды бақылау бірнеше деңгейде және әртүрлі әдістермен жүргізілуі мүмкін (мысалы, әр қабаттағы топырақ тығыздығы). Сонымен қатар төменгі деңгейдегі бақылаудың қорытындысы жоғары деңгейдегі бақылаудың негізі болуы мүмкін. Қабылдап алуды бақылау қорытындысы жасырын жұмыстарды куәландыру актісінде, жауапты конструкцияларды аралық қабылдап алу актісінде, ғимараттар мен имараттардың құрылыс жұмыстарын қабылдап алу бойынша күші бар нормативтерінде қарастырылған өзге құжаттарда және қадаға түсетін күшті сынау актісінде тіркеледі.

Сейсмикалық аудандарда отыратын топырақты алаңдарда құрылыс жүргізу барысында көптеген қиыншылықтар туындайды, сондықтан төменде осы мәселеге басты назар аударылған.

Отыратын топырақтың басты ерекшелігі, оларды сулаған кезде бұл топырақ өздерінің физикалық-химиялық құрамын өзгерту арқылы өз салмағымен шөгеді немесе сыртқы күштің әсерінен отырады. Осы топырақтардан жасалған алаңдардың топырақты жағдайы отыру

мүмкіншілігіне байланысты 2 типке бөлінеді: I тип – мұнда топырақ өз салмағынан емес, сыртқы күштің әсер етуінен отырады. II тип – мұнда топырақ өз салмағынан отырады. Практикада топырақтың отыру жағдайының типін қазан шұңқырларды сулаумен анықтайды. Егер осыдан кейін топырақтың өздігінен отыруы 5 см аспаса, онда топырақ жағдайы I типке жатқызылады, ал 5 см жоғары болса ол II типке жатқызылады.

Отыратын топырақтардың ылғал әсерінен өз құрамын өзгертетінін ескере отырып, қазаншұңқырларды дайындаудан бұрын және дайындау барысында алаңнан суды ағызып жіберу керек, қазылатын шұңқырлар көлемінен олардың көлемі I типті отыратын топырақтар үшін әр шетінен 15 м және II типті отыратын топырақтар үшін 25 м, егер жобада оларды тығыздау қарастырылмаған болса.

Отыратын топырақтарды тығыздау бойынша негізгі жұмыстар басталғанға дейін кәсіби тығыздау жүргізілуі керек. Кәсіби жер өлшемдері:

шұңқырлау кезінде – шұңқырлаудың 3 диаметрі немесе шұңқырлайтын көліктің жұмыс бөлігінің екі ені;

6x12 м – катокпен тығыздау барысында;

10x10 м – вибро тығыздау барысында және қазылған қазаншұңқырларды орнату барысында; сулау арқылы тығыздау барысында - қазаншұңқыр тереңдігі 0,8 м және отыратын қабат қалыңдығына сай әр шетінен 20 м кем болмауы керек.

Іргетастарды орнату бойынша жұмыстарды өндіруден бұрын, жер жұмыстарының жобаға сай орындалғанын көрсететін акт жасау керек, сонымен қатар жер жұмыстарын өндіру барысында кездескен барлық кедергілер туралы (ескі қазаншұңқырлар, құдықтар, қазылған орлар, бұрынғы құрылыстың іргетастары және т.б.) жазылады, олардың орналасқан орны, қуыстарды тазартып, оларды толтыру мәселесі, яғни шұңқырлардың тереңдігі мен жақтауларын топырақпен, құммен немесе бірікпейтін топырақтарды сулау арқылы және де сол жерде жүргізіліп жатқан құрылыс конструкциялары материалдарымен толтыру іс-шаралары қарастырылады. II типті отыратын топырақтарда артық қазылған жерлерді толтыру үшін кептірілген материалдар қолдану рұқсат етілмейді. Отыратын топырақтарда құрылыс жүргізу барысында судан қорғау іс-шаралар кешенін алдын ала қарастыру қажет, оларға: басты жоспардың тиісті құрастырылымы, құрылыс жүргізілетін аумақтың жоспары, ғимарат немесе имарат астына су аз өтетін экран орнату, қазан шұңқыр мен траншея саңылауларын сапалы жабу, ғимарат айналасына су өткізбейтін іргелік жаппа орнату, темірбетонды науаларға су тасығын инженерлік желілер орнату, құрылыс барысында дөңес жерлерге су тоқтататын науа немесе ор жасау.


2.3 Іргетастарды орнату

Құрама бетон және темірбетон конструкцияларын монтаждау жұмыстарын орнату барысында тиісті жұмыс сапасына қол жеткізу үшін, кіріс және өндірістік операциялық бақылау жүргізілуі керек. Түйіспелер мен бірікпелерді арматуралау (2.2 сурет), қадаларды іргетастарға орнату (2.3 сурет), арматуралар мен қалау бөлшектерін дәнекерлеу және де болат бөлшектерді коррозиядан қорғау бойынша жасырын жұмыстар тексеріледі және қабылданады.

Құрылыс адаңына келіп түсетін құрама бетон және темірбетон конструкцияларына кіріс бақылау жүргізу барысында, жұмыс құжаттамасымен қарастырылған тауар өнімі сертификатының, риска мен белгінің болуын тексеру қажет, сонымен қатар тиеу-түсіру және тасымалдау барысында ешқандай ақаудың болмағанын тексеріп алу керек. Құрама блоктар өлшемінің жобадан ауытқуы МемСТда және 2.2 кестеде көрсетілгеннен аспауы қажет.


Операциялық бақылау – жарамсыздықтарды, ақаулардың алдын алу және уақытылы жою мақсатында, қойылған талаптарға сәйкес әрбір жеке операциялар бойынша құрылыс-монтаждық, қалып-монолитті жұмыстардың орындалуын тексеру.

2.2 кестедегі жіберілетін ауытқулар бойынша құрама іргетастарды монтаждау керек.



2.2 сурет - Құрама іргетастардың бірікпелерін күшейту

1 – арматуралы тор 4Ø10А-1, 250 мм қашықтықпен көлденең стерженьдер Ø6А-1; 2 – көлденең ішкі қабырғаның іргетас қабырғалық блоктары; 3 – сыртқы қабырғаның іргетас қабырғалық блоктары; 4 – қабырғалар; 5 – іргетасты блок-жастықшаның үстіндегі арматуралық тор; 6 – блок-жастықша; 7 – ірге жаппа немесе тротуар



2.3 сурет - Колонналар мен іргетастарды жауып бекіту

H_{anc} – колонналарды бекіту тереңдігі; h_p – жоғарғы баспалдақ биіктігі; d_s – іргетастың стаканы қабырғасының қалыңдығы; h_{col} – колонна өлшемі; h_s – стакан тереңдігі; H_f – іргетас биіктігі.

2.2-кесте – Құрама іргетастарды монтаждау барысындағы жіберілетін ауытқулар

Ауытқулар	Жіберілетін ауытқулар, мм
Таспалы іргетастардың шеткі белгісінің	±10
Таспалы іргетастардың осьтерінің	±10
Таспалы іргетастардың қалыңдығының	±10
Таспалы іргетастардың тікесінен төбесі мен бұрышының	±10
Блок қатарының тікесінен (10м ұзындыққа)	±10
Жертөле қабаттарының құрама қабырғалары: Бөлінген осьтермен салыстырмалы түрде астыңғы қимадағы қабырға осьтерінің ығысуының	±5
Үстіңгі қимада қабырға жазықтығының тікесінен ығысуының	±5
Жер төле жаппасының үстіңгі бетінің белгісінің	<20
Іргетас блоктары мен іргетас стакандары осьтерінің	13
Іргетас элементтерінің үстіңгі тіреуіш беттерінің белгісінің	
Стакан түбі белгісінің	- 10
Колонналарды дұрыстаусыз монтаждау барысында ірге тас стаканының формала келтірілген түбі белгісі мен өлшемінің:	-20
Стаканда колонналардың тірелген жерлерін нақтылайтын құрылғылар немесе бөлшектердің ығысуы бойынша	±5
Колонналардың тірелген жерлеріндегі стакан түбінің бөлінген осьтерінің салыстырмалы түрде жоспардағы ірге тастармен	±3

Монолитті іргетастарды орнату барысында жобадан ауытқуын 2.3 кесте бойынша жүргізу керек.

Арматуралы төсеу қалыптарды тексеріп және қабылдап болғаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Орнатылған арматураны жобаға сәйкес дұрыстап және бетондау кезіндегі бүлінуден қорғау керек. Бетон қоспаларын төсеуден бұрын шубаны қабылдап алу туралы акт толтырылу қажет, сонымен қатар қалау бөлшектері арматураларын орнату бойынша жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін жасау керек. Алдыңғы құйылған бетон беті кеппей тұрып, келесі бетонды қалыпқа уақытында беріп тұру қажет, себебі бетон беті кеуіп қалған жағдайда көлденең жолақ пайда болып, көтергіш тік конструкциялардың монолиттігін бұзуы мүмкін.

2.3 кесте – Қалыптың конструкция элементтерінде жіберілетін ауытқулар [16]

Ауытқулар	Жіберілетін ауытқулар, мм
Қалып жазықтығы және олардың қималарының тікесінен немесе жобадан: 1 м биіктікке Бүкіл биіктігіне Қалып осьтерінің жобадан	±5 ±20 ±15

Қажетті технологиялық үзіліс кезінде, келесі бетондауды беткі қабыршақты қыру және қатты қысыммен жіберілетін сумен тазартқаннан кейін жүргізу керек. Іргетастарды бетондау аяқталғаннан кейін оның жобадан ауытқу бағасын анықтау үшін, іргетастарда атқарушы нивелирлеу жүргізіледі. Орындалған монолитті бетондар мен темірбетон конструкциялары өлшемдері мен орналасуының ауытқуы 2.4. кестеде көрсетілген ауытқудан аспауы керек.

2.4 кесте – Монолитті, бетонды және темірбетонды іргетастарға арналған орындар мен өлшемдердің жоба бойынша жіберілетін ауытқулар [3, 16]

Ауытқулар	Жіберілетін ауытқулар, мм
Олардың қималарының жазықтықтары мен сызықтарының тікесінен немесе жобадан барлық биіктік бойынша ауытқуы	±20
Дұзрысталатын аумақтың барлық жазықтығынан көлденең жазықтықтың Ұзындығы 2 м рейкамен конструкцияларды тексеру барысында бетон үстінің жобадан ауытқуы (тіреуіш үстінен басқа)	±20
Элементтердің ұзындығының немесе саңылауларының	±5
Элементтердің көлденең қима өлшемдерінің	±20
Металл немесе құрама темір бетон бағаналарынан және өзге де құрама элементтердің істі мен қалау бөлшектері белгілерінің:	+6;-3
Биіктігі бойынша	±5
Дөңесі бойынша	1/1000
Фрезерленген тіреуіштің жақтаулары бар бағаналарға арналған тірек тақталардың үстіңгі жазықтықтарының:	
Биіктігі бойынша	
Дөңесі бойынша	±1,5
Іргетас бұрандаларының орналасуының	1/1500
Тіреуіштің ішкі пішінінің жоспардан	
Тіреуіштің сыртқы пішінінің жоспардан	±5
Үстіңгі жақтау белгісі бойынша	±10
Бір-бірімен байланысқан екі беттің біріккен биіктігі бойынша	+20; -0
белгілерінің	3
Іргетас бұрандаларының кесілген ұзындықтарының	+30;-0

2.4 Қадалы іргетастарды орнату бойынша жұмыстарды өндіру

Қадалы іргетастарды орнату барысында кіріс және операциялық бақылау жүргізілу керек.

Кіріс бақылауға мыналар жатады:

Жұмыс құжаттамалары сапасын тексеру;

Қаданың, материалдың және жабдықтардың сыртын тексеру және өзге де нормативті құжаттар мен жұмыс құжаттамаларын тексеру;

Құжаттардың, сертификаттар мен өзге де жетекші құжаттардың болуы мен мазмұнын тексеру.

Операциялық бақылау – ақауларды уақытында жою үшін, жұмыстарды өндірудің бекітілген талаптарына сай келетін жеке операциялар бойынша қада қағу және құрылыс-монтаждық жұмыстардың орындалуын тексеру.

Құрылыс алаңында құрылыс-монтаждық жұмыстарды өндіру барысында жіберілетін ауытқулар 2.5 кестеде көрсетілген.

2.5 кесте – Жоба ережесінде қадаларда жіберілетін ауытқулар [1,2]

Атаулары	Көрсеткіш	Жіберілетін ауытқулар
1. Жоспар бойынша		
1.1 Төрт бұрышты, тік бұрышты қималы қадалар және диаметрі 0,5 м дейінгі дөңгелек тәрізді қағылатын қадалар	Қадалардың бір қатарда орналасуы барысында:	
	осьтің көлденең қатарымен	0,20d
	осьтің бойымен	0,30d
	2-3 қатарда орналасқан түптер мен ленталарға арналған:	
	шеткі қадалар	0,20d
	көлденең осьтегі қадалы қатар	0,30d
	Ғимарат астындағы тегіс қадалар үшін:	
	шеткі қадалар	0,20d
	ортаңғы қадалар	0,40d
	Жеке қадалар	5 см
Қада-тіреуіштер	3 см	
1.2 диаметрі 0,5-0,8 м болатын жартылай дөңгелекті және диаметрі 0,5 м жоғары бұрғыланатын қадалар	Қадалардың ленталы орналасуы барысында:	
	Осьтің көлденең қатарымен	10 см
	Осьтің бойымен	15 см
	Бір түп қадалардың орналасуы барысында	15 см
	Біртекті қуыс қадалар	8 см
2. Қаданың жоғары деңгейінің биіктігі бойынша		
	Монолитті ростверке кезінде	±3см
	Құрама ростверке негізінде	±1см
	Қада-тіреуіштер	-3 см
3. Қада-тіреуден басқа, қағылатын қада осьтерінің тікелігі		±2%
4. Қағылатын қадаларға арналған ұңғыма өлшемдері мен кеңейтулер	Ұңғыма тереңдігі бойынша	±10 см
	Кеңейтудің орналасу орны бойынша	±10 см
	Ұңғыма диаметрі бойынша	±5 см
	Кеңейтудің диаметрі бойынша	±10 см

d – дөңгелек қаданың диаметрі, шаршының жақтауы немесе тік бұрышты қаданың кіші жағы.


ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Жобалық қалыптан максимальды рұқсат етілген ауытқулары бар қадалардың саны таспалы орналасуда жалпы қада санының 25% аспау керек, ал ұстын-қадалар болса – 5%.

2 Рұқсат етілгеннен тыс ауытқулары бар қадаларды пайдалану мүмкіндігі туралы шешімді жобалаушы мекеме қабылдау керек.

Қада-тіреуден басқа, қадалардың тік осьтерінің ауытқуы 2% аспайды, ал бұрғыланатын қадалардың ауытқуы – 1% аспауы керек.


Қадаларды қазаншұңқырға қағудың технологиялық кезегі 2.3 суретте көрсетілген.



2.3 сурет - Қадаларды қағу кезегі

а, б – қада қағатын тоқпақты С-714 орнату жолы; в – қадаларды А штабельдерге жеткізу нобайы; г – Б штабельден де дәл солай; 1 – жұмыс бастамасы; 2 – жұмыстың аяқталуы; 3 – дизель-балға; 4 - қаданы қағу; 5 – қадаларды ажырату; 6 – қада қағатын тоқпақты тарту.

Қадаларды қағу жұмыстарын өндіру барысында жұмыстарды өндіру журналы жүргізіледі. Толтырылатын қадалардың арматуралы қаңқасын орнату бойынша ауытқулар монолитті темір бетон конструкцияларында арматуралы қаңқаны орнату бойынша талаптарды қанағаттандыру керек.



2.4 сурет - Аралық жастықшасы бар ірге тас.

1 – іргетас; 2 – аралық жастықша; 3 – темірбетон баулығы; 4 – темірбетонды қада.

қағылатын қадаларды бетондаудың бірыңғайлылығы тексеріледі. Сейсмикалық аудандардағы сенімді қадалы іргетастардың бірі аралық жастықшасы бар іргетас қадалары болып табылады. 2.4-суретте аралық жастықшасы бар ірге тас көрсетілген. Сейсмикалық аудандарда аралық жастықшасы бар қадалы іргетастар кәдуілгі қадалы іргетастар қолданылатын топырақтарда қолданылады. Бұл іргетастар жұмысының басты ерекшелігі, аралық майда-қиыршық тас жастықшаларын төсеу арқылы ростверка және қада конструкцияларының арасындағы майысуды жоюға болады. Аралық жастықшасы бар қадалы іргетастар сейсмикалық күшті дұрыс қабылдауын қамтамасыз етуі үшін, қадалар, баулықтар және аралық жастықшалар өлшемдері арасында нақты қатынас болуы керек.

3 Жұмысты өндіру талаптары және тасты қалау сапасын бақылау

Жұмыстарды өндіру. Тасты қалау барысында сейсмикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жалпы ережелерді және келесі қосымша талаптарсыз орындау керек [4]:

Қабырға қалауда бір текті (шынжырлы) байланыс болады. Сейсмикасы 7 баллға жететін алаңдарда көп қатарлы байланыс жүйесін қолдануға рұқсат етіледі, сонымен қатар қолмен қалау үшін қазықты қатарды орнату барысында әрбір үш бүйірлі қалау сайын орнатылу керек;

«Бос жікпен» қалау рұқсат етілмейді;

Тас жұмыстарын өндіруден бұрын құрылыс зертханасы жергілікті қабырға материалдарын алдын ала сулау және қалау ерітіндісінің су деңгейі арасындағы оптималды қатынасын анықтап алу керек;

Кәдімгі ерітіндіні жоғары су ұстағыш қасиетімен қолдану керек (су бөліп шығаруы 2% аспауы керек);

Ерітіндіге арналған цементті таңдау барысында ауа температурасының олардың кебуіне әсер етуін есептеу керек;

Әр қатардағы конструкциялардың барлық қалыңдығына тас конструкцияларын қалауды жүргізу керек;

Қалаудан бұрын тастың, кірпіштің немесе блоктың беті шаңнан тазартып, сумен ылғалдау керек;

Қалаудың көлденең, тік және бойлық жіктері түгелдей ерітіндімен толтырылу керек;

қалаудың қазықты қатарын және кесек таспен толтырылған қатарды тек қана бүтін таспен және кірпішпен қалау керек;

кірпішті аралық қабырғаны ені 2,5 және одан үлкен болатын кірпішпен емес, тек қана бүтін кірпішпен орындау керек, ал жартылай кірпіштер қалау жіктерін байланыстыру үшін керек;

жанасқан қабырғаларды тек бір мезетте қалау керек;

тұрғызылатын қалаудағы уақытша (монтаждық) үзіктер тек көлбеу штрабамен аяқталып, қабырғалардың конструкциялық инженерлеу жерлерінен тыс орналасу керек.

Қалаудың верстакты қатары «қысу» немесе «тегістей отырып жақын» әдісімен қойылады, верстакты қатарларды «жақын» рұқсат етілмейді; моноклитті темір бетон элементтеріне арналған жылға және каналдардың тік беті ерітінділерді қысқарту арқылы орындалады. Кірпіш қалаудың бір текті шынжырлы байланыстыру жүйесін тұрғызу операциясының кезектілігі 3.1 суретте көрсетілген.

Каркастарды толтыруды таспен қалау көтергіш тас конструкцияларын көтеруге қойылатын талаптар мен ережелерді сақтаумен жүзеге асырылады.

Дұрыс қалыпты кірпіштен және тастан, табиғи тастардан жасалған бетон тастары мен қалыптардан қалау жіктерінің қалыңдығы төмендегідей болуы керек:

көлденең жіктер үшін 10 мм кем емес және 15 мм көп емес. Көлденең жіктің орташа қалыңдығы әр қабат үшін 12 мм болуы керек;


тік жіктер үшін шамамен 8...15 мм. жіктің орташа қалыңдығы 10 мм.

Өздігінен көтергіш қабырғалар каркаспен байланысу керек, бірақ бұл байланыс каркастың қабырға бойымен көлденең байланысуына кері әсер етпеуі қажет. Қабырға үсті мен каркас колонналары арасында 20 мм кем болмайтын саңылау қарастырылады (3.2 сурет).

Армотасты қалау төмендегі ережелерді сақтау арқылы орындалады (3.3 сурет):

Жіктің 16 мм қалыңдығында қалау жіктерінің қалыңдығы қиылысушы арматура стерженьдерінің 4 мм диаметрі көлемінен асып кетпеуі керек;

Аралық қабырға торларын көлденең арматуралау кезінде, тор жасаған екі арматуралы стерженьдер аралық қабырғаның ішкі беткі жазықтығынан 2...3 мм шығып тұруы керек, бұл сапаны анықтауға мүмкіндік береді;



3.1 сурет - Бүйірлі (а) және көлденең (тычкового) (б) қатарында кірпішті қысу арқылы қалау 1...4 – операция кезектілігі.

Қалауды бойлай арматуралау кезінде арматураның болат стерженьдерін өзара байланыстырушы сымдармен немесе дәнекерлеу арқылы ұзындық бойымен байланыстыру керек. Арматура жапсарларын дәнекерсіз орнату кезінде тегіс стерженьдер ұшы ілгішпен аяқталып, 20 диаметрге дейін айқастырыла жапсарланып, сымдармен бекітілу керек.

Сейсмикалық аудандарда тас қалау барысында ерітінді мен тастың берік бекуі жұмысына басты назар аударылады.

Тастарды қалаудан бұрын, оларды тасымалдау барысында пайда болған қақтардан, сонымен қатар тастарды өндіру технологиясымен байланысты қақтардан тазарту керек.

Қалау жұмысында қажетті үзілістен кейін, қалаудың үстіңгі қатарын шаң мен қақтан тазартып алады.

Жеңіл жынысты кірпіштерді, тастарды ($\gamma < 1800 \text{ кг/м}^3$), сонымен қатар ірі қалыптарды ерітіндідегі суды аз сору мақсатында қалаудан бұрын сулап алу қажет. Бірақ, ылғалдау деңгейі көп болып кетпеуін бақылау керек, себебі ерітіндінің суымен қосылып, су көбейіп кетуі мүмкін, су көп болған немесе аз болған жағдайда байланысуға кері әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, суды көп соратын кеуекті табиғи тастарды және сазды құмайтты кірпіштерді суға кемінде 1 минутқа салып қою керек. Кірпішті контейнермен жұмыс орнына беру кезінде, кірпіші бар контейнерді 1,5 минутқа суға батырып алуға болады, сондықтан осы жерде кірпіш ылғалдылығы 12...13 % тең болса, оның қалауға дейінгі ауада болу уақыты құрылыс алаңындағы нақты жағдайға тең. Жазғы уақытта сулай уақытын [5] көрсеткіштермен белгілеу ұсынылады.

Байланыспаған жік бойынша (жақсы байланыс) осьтік созылуға деген уақытша қарсыласу тек ерітінді сапасына ғана емес, сонымен қатар қалау жіктерін ерітіндімен толтыру деңгейіне байланысты болады; қалаудың тік және көлденең жіктерін мұқият толтыру үшін қалауды ерітіндінің 14...15 см жылжуы барысында құю ұсынылады.

Құйылатын ерітіндіде тас жұмыстарын өндіру барысында төменгі ережелерді ескеру ұсынылады [5]:

Ерітіндіні әр қатар бойынша қалақшамен құяды;

Құйылған ерітіндіні жоғалтып алмау үшін, белгі қатарынан 1 см биіктікте тұратын инвентарлы рамкаларды қолдану арқылы қалау жұмысын жүргізеді;

Ерітіндіні рейканың көмегімен тегістейді, ал басқарушы ретінде рамка қызмет етеді. Ерітіндіні тегістеу барысындағы рейканың жылжу жылдамдығы, оның қатарынан құйылған тік жіктерге түсуіне байланысты болады, бұл жұмыстың орындалуын тас қалаушы тексеріп тұрады. Қалау жұмыстары барысында ерітінді қоспа консистенциясын $22,5^\circ$ жақын бұрышта орналасқан жантайған жазықтықтың көмегімен тас қалаушы жүйелі түрде бақылап отырады, қоспаның қажетті консистенциясы бұл жазықтықтан өз күшінің әсер етуі арқылы төгілу керек. Егер ерітінді төгілмесе, оны қайта араластыру қажет (қажетінше механикалы түрде). Егер қабырға бойымен құйылған ерітінді өзінің тегістігін жоғалтса немесе ерітінді тегіс болмай шықса, онда қосымша ерітінді алып, оған кірпішті бастыру керек;


Кірпішті қалай отырып, тас қалаушы кірпішті басып, тіке жік жасауға арналған аралықтар 1 см асып кетпеуін қадағалай отырып, күрекшемен соғады. Кірпішті қалау барысында ерітінді төсемшесінде ақаулар жіберуге болмайды (ерітіндіні кірпіштің қырына жағу үшін тандап алу, кірпіштің қабырға бойымен жылжуы).

Жұмысты өндіруді уақытша тоқтату барысында қалаудың ең үстіңгі қатарын ерітіндімен құюға болмайды. Жұмысты жалғастыру үшін, қалаудың бетін су құюдан бастау керек.

Табиғи тастардан жасалған қабырға блоктар. Бір қабат деңгейіндегі қабырғаны бір типті блоктардан қалау керек. Ұсақ қалыпты қалауды әр қатардағы тіке жіктерді байланыстыру арқылы жүргізу керек, сонымен қатар барлық бұрыштағы түйісулер мен қималарды.


Ірі құрамды қалыптарға арналған монтажды ерітінді жіктерінің қалыңдығы 15 мм орташа қалыңдықта 10...20 мм тең болуы керек. Қалыптар орнатылатын ерітінді төсемшесі тегіс

болып, шекті 15...20 мм жетпеуі керек, одан асқан жағдайда ерітінді қабырға бетіне ағып кетуі мүмкін. Зауыттық блоктарды салыстыру жұмысын қабырғаның сыртқы бетінде, ал ішкі қабырға блоктарын – қабырғаның бір жағында жүргізу керек. Ғимарат қабырғасын көтеру барысында жоба бойынша ірі қалыпты қалау үшін кірпіш пен кіші блоктарды қолдануға тыйым салынады. Бұл мақсатта тек қана В7,5 (-М100) класты монолитті бетондарды пайдалану қажет.



3.2 сурет - Өздігінен көтергіш қабырғаны қаңқаға бекіту

а – кірпішті қабырға; 1 – өздігінен көтергіш қабырға; 2 – колонналар; 3 – қалау бөлшегі; 4 – жұмсақ байланыс 010А-1,1-40 мм; 7 – бекіту элементі L 63x6; 8 – тік пластина – 10x60x250; 9- арматурадан жасалған тор 05Вр-1; 10 – анкер (7-8 баллда 1016А-1, 9 баллда 2016А-1).



3.3 сурет - Кірпіш қабырғаны арматуралау

а – фасад бөлігі; б – бұрыштарлы арматуралау; в – қималарды арматуралау; 1 – көлденең бағыттың арматуралы торы; 2 – перпендикулярлы бағыттың арматуралы торы; 3 – көлденең бағыттың кірпіш қабырғасы; 4 – перпендикулярлы бағыттың кірпіш қабырғасы.

Ірі блоктарды «көз мөлшер арқылы» келесі түзетумен монтаждауға тыйым салынады. Ерітіндіні астында жатқан қалыпқа жаққан уақыттан бастап, ірі блоктарды монтаждауға кететін уақыт 2 минуттан аспауы керек. Армотасты және кешенді конструкцияларды орындау барысында арматуралық стерженьдердің тас қалауға жабысып қалуына жол берілмейді. Армотасты конструкциялардағы жұмыс арматурасы қорғаныс қабатының қалыңдығы 3-1 кесте бойынша қабылданады.


3.1 кесте – Қорғаныс қабаттың қалыңдығы [6]

Конструкцияларды арматуралау	Орналасқан, конструкцияларға арналған қорғаныс қабат (мм)		
	Ауа ылғалдылығы қалыпты бөлмелерде	Ашық ауада	Ылғалды және сулы бөлмеде
Қадалар мен бағаналар	20	25	30
Қабырғалар	10	15	20

Каркасты қабырғаларды тұрғызу барысында темірбетон қосындыларына (өзекшелерін) (3.4 сурет) арналған қалыптар ретінде пайдаланылатын қалау төбесі технологиялық шаң мен ерітіндіден, ал кері температура кезінде – мұз қабыршақтарынан мұқият тазалану керек.

Жазғы уақытта темірбетон элементтерін бетондаудан бұрын бұл бетті сулап алу керек. Аптап ыстық болғанда монолитті темірбетон элементтерін дайындағаннан кейін, алғашқы 10 күнде оларды тәулігіне бір рет сулап тұру керек.

Тас конструкцияларында ақаулар табылған жағдайда оларды жою әдістерін, ақаулар анықталғаннан кейін және жобалық ұйыммен міндетті келісілгеннен кейін тағайындау қажет.



3.4 сурет - Тас қабырғалардың темірбетон қосындылары

а – саңылаулар жиі орналасқан қабырға бөлігі; б – бір саңылаулы қабырға бөлігі; в – бір өзекті қабырға бөлігі; г – өзекшелер типтері; д – өзекшелермен арматуралау бөлшектері; 1 ... 6 – қима нөмірлері; 7 – 2012 (6:18)А-1 жасалған каркас. 200 мм қашықтықпен \varnothing 6А-І көлденең стерженьдер; 8 – 400 мм қашықтықпен \varnothing 6А-І қосымша стерженьдер.

Сапаны бақылау. Тас ғимаратын тұрғызу кезінде құрылыс-монтаждық жұмыстардың сапасына өндірістік бақылау жүргізу керек. Оған кіріс, операциялық және қабылдап алу бақылаулары кіреді.

Кіріс бақылау тас қалау үшін қолданылатын жұмыс құжаттамаларының сапасын және материалдарды қабылдап алуды тексеруден тұрады.

Кірпіштерді арнайы заттақтықтарда тасымалдау керек. Кірпішті самосвал немесе өзге де тасымалдау құрылғыларында үйіп тасымалдауға болмайды.

Тас қабырғалы материалдар өлшемінің ауытқуы, тасты панельдер мен блоктарға арналған 3.2 кестеде келтірілген шекті аумақтан аспауы керек.

3.2 кесте – Панельдер мен ірі блоктардың шекті ауытқуы

Көрсеткіштер Арналған шекті ауытқулар (мм)		
	Панельдер ұзындығы, мм		Блоктар
	4000 дейін	4000-ден 8000 дейін	
Биіктігі	±5	±5	+ 5,-10
Ұзындығы	±5	±10	+ 5,-10
Қалыңдығы	±3	±3	±3
Панельдердің беткі жағындағы профильдердің қисықтығы			
Бүкіл ұзындық бойынша	5	8	*
2000 мм дейінгі ұзындық бойынша	3	3	*
Панельдердің беткі жағындағы енінің тегіс еместігі			
2000 мм дейін	5	8	*
2500 мм жоғары	8	13	*
Тікбұрышты формалардың беткі жазықтығындағы диагональді ұзындықтардың әртүрлілігі	13	16	*
Жақтау, сөре, жарық, саңылау, артықшылықтардың өлшемдері	±3	±3	±5
Терезе және есік саңылауларының жағдайы	±5	±5	±5
Кірпішті, өңдеу және жылу өткізгіш қабаттарының қалыңдығы	±5	±5	±5
Қалау бөлшектерінің жағдайы			
жазықтықта	10	10	±5
Тазықтықтан тыс	3	3	*
Арматураның қорғаныс қабатының қалыңдығы	±3	±3	±5

* - шектеу қойылмайды.

Пайдаланылған зауыттық тас материалдары мен бұйымдардың сапасы құжат мәліметтері бойынша, ал құрылыс алаңында дайындалған ерітінділер мен бетон сапасы – зертханалық сынақ мәліметтері бойынша анықталады. Егер тас материалдары құрылыс зертханасында тексерілген болса, қабылдап алуға сынақ қорытындысы ұсынылу керек.

Операциялық бақылау құрылыс жүргізу барысында немесе өндірістік операция кезінде өткізіледі және де ақауларды уақытында анықтауды, оларды жою мен алдын алуды қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, тас жұмыстарын орындау технологиясының сақталуын, орындалып жатқан жұмыстардың жұмыс сызбалары мен нормаларына сәйкестігін тексеру керек.

Қабылдап алуды бақылау – тас жұмыстары сапасын тексеру мен бағалаудан тұратын орындалған жұмыстарды қабылдап алу. Тас конструкцияларының жобалық өлшемдер мен ережеден ауытқуы 2-3 кестеде көрсетілген мағынадан аспауы қажет. Тас ғимаратын тұрғызу барысында құрылыс ұйымдарының өкілдері, тапсырыс берушінің техникалық қадағалау өкілдері тиісті акт жасау арқылы жасырын жұмыстарды қабылдап алады.

Тас конструкцияларын тұрғызу бойынша аяқталған жұмыстарды қабылдап алу барысында, төмендегілер тексеріледі:

Қалау байланыстығының дұрыстығы;

Жіктердің қалыңдығы мен оларды толтыру;

Қатарлардың көлденеңдігі мен қалау бұрыштарының тіктігі;

Арматуралық торлар мен каркастарды орнату;

Антисейсмикалық, шөгетін және температуралық жіктерді дұрыс орнату;

Қалау бөлшектерін (байланыстарды, анкерлерді және т.б.) орнатудың дұрыстығы және олардың болуы;

Кірпіштен жасалған сыбалмаған фасадтық қабырғалардың сапасы, түсті сақтамау, қажетті байланысты, жіктердің суреті мен оларды тігу;

Қалаудың геометриялық өлшемдері;

Керамикамен, бетонмен және тас пен тақташаның өзге де түрлерімен қапталған фасадты беттің сапасы.

Тиісті телімге арналған жұмысты өндіру журналында төмендегілер жазылу керек [7]:

Қолданылған тас пен ерітінді белгілері;

Қалау ерітіндісінің құрамы (сертификат бойынша) және құрылыс зертханасы жүргізген сынақ қорытындысы;

Ерітінді дайындаған орын мен уақыт;

Қабырғаны қалау кезіндегі ерітіндінің жылжуы;

Қабырғаны қалау кезінде байланысудың беріктігін ұлғайтатын іс-шаралар (кірпішті сулау, оны шаңнан, мұзқабыршақтарынан тазарту және т.б.);

Тұрғызылғаннан кейін қалауды күту (сулай, төсемшелермен жабу және т.б.);

Қалауды тұрғызу және пісіп жетілгеннен кейінгі температуралы-ылғалдылық жағдайы.

Ауытқулар	Конструкцияларға арналған шекті ауытқулар (мм)				
	Дұрыс формалы кірпіштен, керамикадан және табиғи тастан, ірі блоктардан жасалған		Кесек тастан және кесек тасты бетоннан жасалған		
	қабырғалар	Қабырғалар	Ірге тастар	Қабырғалар	Қабырғалар
Жоспар бойынша конструкциялар қалыңдығы	15	10	30	20	20
Тіреуіш ақауларының белгілері	-10	-10	-25	-15	-15
Жарықтардың кеңдігі	-15	-	-	-20	-
Саңылаулардың кеңдігі	+ 15	-	-	+20	-
Терезе саңылауларының тік осьтері	20	-	-	20	-
Конструкция осьтері	10(10)	10	20	15	10
Тікесінен қалаудың беті мен бұрыштары: Бір қабат үшін	10(5)	10	-	20	15
Биіктігі 2 қабаттан асатын бүкіл ғимарат үшін	30(30)	30	30	30	30
Қабырғаның бүкіл ұзындығына көлденеңінен қалау қатарлары	15(15)	-	30	20	-
Ұзындығы 2 м болатын рейкаларды төсеу барысында анықталатын, қалаудың тіке бетіндегі қисықтар	10	5	-	15	15
Қабырғалар мен қоршаулардағы панельдердің үстіңгі бетінің белгілерінің айырмашылықтары	(±10)	-	-	-	-
Көлденең жіктердің қалыңдығы	+3,-2 (±5)	+3,-2	+3,-2	+3,-2	+3,-2
Тіке жіктердің қалыңдығы	+5,-2 (±5)	+5,-2	+5,-2	+5,-2	+5,-2

ЕСКЕРТПЕ Жақшаларда вибрациялы кірпіштен, керамикадан, тас блоктардан және панельдерден жасалған конструкциялар үшін шекті өлшемдер келтірілген.

Сейсмикалық аудандарда тұрғызылып жатқан ғимараттар қабырғаларын кірпішпен немесе таспен қалауда, ерітінділердің дұрыс байланысуының беріктігін бақылауда (байланыспаған жік бойынша қалаудың осьтік созылуға қарсыласуы), төмендегі тәртіп бойынша сынақ жүргізуге лицензиясы бар арнайы зертхана айналысу керек [8].

Құрылыста кірпіштен немесе тастан қалаудың байланысуына қорытынды сынақ жүргізу үшін қабырға бөлігін, техникалық қадағалау өкілінің бұйрығы бойынша таңдайды. Әр ғимараттардағы тексерілетін бөлік бір қабат үшін арақашықтығы 5 тастан (кірпіштен) болуы керек. Қолданылған материалдар өзгерген немесе ауа райы жылдам өзгерген жағдайда қабырға бөліктерінде қосымша сынақ жүргізу керек.

Қалыпты байланысудың шекті беріктігі қалаудан кейінгі 28 тәуліктен кейін ерітіндінің кірпішпен немесе таспен байланысуымен қабылданады, ал соңғы сынақта – 3 айдан кейін. Сейсмикалық аудандардағы ғимараттардың қалаудағы байланысы беріктігін алдын ала болжау үшін, қалау аяқталғаннан кейін 7-14 тәулікте сынақ өткізеді. Қалыпты байланысуды болжауды дұрыстау коэффициентін қолдану арқылы жүргізеді. Егер қалауды аязға қарсы химиялық қоспа ерітіндісімен немесе тоңдыру әдісімен орындаған болса, онда қалаудағы қалыпты байланысудың беріктігін сынауды қалау ерігеннен кейін 28 тәулік немесе 3 айдан соң жүргізеді.

Таңдалған қабырға бөлігінде қалаудың үстіңгі бетін түсіріп, сыналатын тас (кірпіш) айналалып соқпай, қырғыш көмегімен тіке жіктерді қырып, оған тросты ұстағыштарды ендіреді.

Сынақ барысында күш әрдайым $0,006 \text{ Мпа/с}$ ($0,06 \text{ кгс/см}^2$ секундына) жылдамдықпен өсіп отыру керек.

Тасты қалаудағы қалыпты байланысу беріктігі қалау элементтерінің осьтік созылу барысындағы беріктігімен анықталады. Осьтік созылу барсындағы шекті беріктік $0,01 \text{ МПа}$ ($0,1 \text{ кгс/см}^2$) анықталады, яғни 5 сынаққа тең болады.

7-14-тен 28 тәулікке дейінгі аралықта қалыпты байланысу беріктігінің өсуі қалау уақытын есептейтін дұрыстау коэффициенттің көмегімен анықтайды.

Тас (кірпіш) қалау жұмыстарын жүргізген кезде, байланыспаған жіктер бойынша, барлық қабырғадағы қалыпты байланысу және ғимараттың биіктігі бойынша осьтік созылуға деген уақытша қарсыласудың бірдей болуын қамтамасыз ету керек. Бұл, ғимараттың биіктігі бойынша қалыпты байланысудың тегіс жайылмағандығымен және қабырғада әртүрлі ақаулардың көрінуімен байланысты [9]:

– қалыпты байланыстың маңыздылығы аз болған жағдайда үстіңгі қабаттын саңылауларында әртүрлі жарықтар пайда болады;

– қалыпты байланыстың маңыздылығы аз болған жағдайда жарықтар астыңғы қабатта пайда болады.

Ерітіндінің кірпішпен немесе таспен қалыпты байланысу беріктігін тексеру қорытындысы бойынша арнайы формалы акт жасалады [8].

4 Жұмыстарды өндіруге қойылатын талаптар және құрама темірбетон конструкцияларының сапасын бақылау

Ғимараттар мен имараттарды тұрғызу бойынша жұмыстарды, жұмыстарды өндіру жобасы (ЖӨЖ) бойынша жүзеге асырады, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06-2002 жалпы талаптармен қатар [7][14] төмендегі жағдайлар қарастырылу қажет: құрылыс конструкцияларының жүйелілігі; орнатудың нақтылығын талап ететін іс-шаралар; жоба ережесі бойынша конструкцияларды жинау және орнату барысында оларды бірқалыптылығы;

Тұрғызу барысында ғимарат конструкциялары мен бөлшектерінің беріктігі; конструкцияларды үлкейту деңгейі және қауіпсіз еңбек жағдайы.

Жұмыстарды өндіру. Аралық қаркастарды және жабындарға $16,0 \text{ кПа}$ 30 кгс/м^2 дейін күш түсу барысында, төмендегі рет бойынша жөнделеді:

іргетастар орнатылып, дұрысталады;

1 ярусты колонналар орнатылып, дұрысталады; іргетас қуыстары мен колонна ругтарының башмақтары бетонмен толтырылады;

колонналарға беріктік диафрагммалары орнатылады және дәнекерленеді;

арқалықтардың арматуралы тіреуіштері арқалықтардың үстіңгі жағына шығарылып, қысқышпен уақытша бекітіледі;

арқалықтар колонналардың астыңғы бұрыштарына орнатылады (3.1 сурет) және (3.2 сурет), доғалы дәнекерлеумен дұрысталып, дәнекерленеді, қысқыштар уақытша орнатылады;

бойлық байланыстырушы панельдер болған жағдайда, оларды колонна жақтауларына орнатып, дұрыстайды және де арқалықтардың астыңғы жағына дәнекерленеді, ал үстіңгі жағынан монтаждық байланыстырушы элементтермен біріктіріледі;

жабындардың қабырғалық байланыстырушы панельдері қойылып, дұрысталады;

барлық жабын тақташалары бойлық байланыстырушы панельдер немесе тақташалар және бойлық арқалықтар арасына орнатылады;

жобалық ереже бойынша арқалықтардың арматуралы тіреуіштерін орнату жүргізіледі, сонымен қатар жобалық ереже бойынша түйін қысқышы бекітіледі;

түйіндерді бетондау ұсақ тасты бетонмен бетондау жүргізіледі;

жабын панельдері арасындағы жіктерге каркас орнатылады;

бетон ағып кетпеуі үшін жақтаудан 100...150 мм аралықта жабындардың көп қуысты панельдері арасына бекіткіштер орнатып, арқалықтардың үстіңгі жағын бетонмен монолиттеу жүргізеді. 15 (М 200) аспайтын жоба бойынша бетон маркасы қабылданады;

Панельдер арасындағы жіктерді М 100 маркалы ерітіндімен монолиттейді.

Темірбетон конструкцияларын монтаждауды строп және траверстер көмегімен жүргізу керек (3.3 және 3.4 суреттер). Монтаждаудың дұрыстығын тексеруді қабырға баспалдақтары және люлькалар көмегімен орындайды (3.7 және 3.8 суреттер). Жөнделетін элементтердің уақытша бекуін кондукторлар көмегімен жүзеге асыру керек (3.5 және 3.6 суреттер).

Колонналардың құрама темір бетон түйіспелері төмендегі талаптарды орындау арқылы жүзеге асырылу керек:

Колонналардың жақтаулық төбелерін монтаждаудан бұрын, оларды шаңнан, майдан және мұз қабыршақтарынан тазартып алады. Бетон үстін бұзып алмау үшін, төбелерді металл ысқыштармен тазалау керек;

Дәнекерлеу алдында, бойлық арматура стерженьдерінің түйісетін бастары МемСТ 10922-90 сәйкес ванналық дәнекерлеу үшін бөліп алады;

Дәнекерлеуді рентгеноскопия арқылы бақылайды. Ақаулар анықталған жағдайда, оларды жою технологиясы жобалық ұйыммен келісіліп тағайындалады;

Барлық стерженьдерді дәнекерлеп болған соң колонналар түйіспелерінде жартылай қысқыштар орнатылады;

Тіке стерженьдердің 36 мм диаметрінде ванналық дәнекерлеуді және үлгілерді зерттеуден кейін тәжірибелі дәнекерлеушіге ұсыну керек.

Дәнекерлеумен біріктірілетін және конструкция элементтеріне тіреуіш ретінде қолданылатын А-III класты 35ГС маркалы жұмыс арматуралы өнімнің темір бетон элементтерін монаждау конструкциялардың темірбетон бөліктерін (арқалықтар, тақташалар және т.б.) инвентарлы металл тіреуіштерге алдын ала орнату арқылы жүргізіледі. Бұл құрылғыларды қайта монтаждауды қабысу түйіспелерін монолиттеу және шығарылымдарын дәнекерлеуден кейін орындайды.

Бірінші қабаттың жабын тақташаларын іргетастарды монолиттеу бекітудің 50% жеткеннен кейін ғана жөндейді, ал қабатты монтаждаудан бұрын - 70%. Бетонның тезірек қатуы үшін ВТЦ және электрмен жылытуды қолданады. Жабындардың көп қуысты тақтайшалары М100 маркалы цемент ерітіндісі қабаттап құю бойынша орнатылады. Жабын тақташаларын бекіту 3.9 және 3.10 суреттерде көрсетілген.

Конструкция элементтері арасындағы түйіспелер мен жіктерді бір мезгілде монолиттемеу


арқылы ғимараттарды тұрғызуға рұқсат етілмейді. Жабын дискілерін монолиттеу бойынша жұмыстарды өндіру, орындалған жұмыс сапасы туралы акт жасаумен қатаң техникалық бақылау арқылы жүзеге асырылуы керек.

16,0 кПа (1600 кгс/м²) жоғары күш түсу барысында каркас дәл осылай жөнделеді, тек бір айырмашылығы арқалықтар жабын тақталарынан монтаждаудан бұрын оларды монтаждағаннан кейін колонналармен байланыстырылады.

Қабырғалық панельдерді монтаждау әр қабат бойынша жүргізіледі.


Панельді қалқалар сыртқы қоршау конструкциялары монтаждалғаннан кейін ғана жөнделеді (3.11 сурет). Панельді қалқаларды монтаждау барысында, егер сыртқы қоршау конструкциялары болмаған жағдайда панельдердің бетін уақытша бекіту керек. Панельді қалқаларды монтаждау колонна фахверкаларының екі жағынан теңдей колоннаның бір жағынан 3 метрдей панель биіктігінің қатарынан жоғарырақ жүргізеді.

Көлденең жіктің қалыңдығын қамтамасыз ету, сонымен қатар қалқа панельдерінің тіреуіш жерлерін бекіту, астыңғы жақта орналасқан панельдерге желімдеу арқылы, жазық асбестцементті тақталардан жасалған 300x50x15 мм өлшемді бекіткіш төсемшелермен орындалады. Төсемшелер панельдердің басынан ортасына дейін 570 мм аралықта орналасуы мүмкін.



4.1 сурет - 7,8 балдық сейсмикалық есеп барысында итарқалық конструкцияларды колонналарға тіреу бөлшектері

1 – темірбетонды колонна; 2 – итарқалық конструкция; 3 – дәнекерлеуші жік; $l_w = 120$ мм; $k_f = 6$ мм; 4 – риска.



4.2 сурет - 9 балдық сейсмикалық есеп барысында итарқалық конструкцияларды колонналарға тіреу бөлшектері

1 – темірбетонды колонна; 2 – итарқалық конструкция; 3 – тіреуіш пластина 160x10x760 мм; 4 – үстіңгі пластина 160x10x720 мм, итарқа конструкцияларын монтаждауға дейінгі тіреуішке дәнекерленетін (3); 5 – дәнекерлеу жігі ($l_w = 160$ мм; $k_f = 6$ мм).

Монтаждау барысында барлық байланыстырғыш элементтерді дәнекерлеу Э-42 электродымен жүргізіледі, дәнекерлеу жіктерінің биіктігі жұмыс құжаттамасына сәйкес қабылдану керек, егер ол болмаған жағдайда – дәнекерленетін элементтердің ең кіші қалыңдығына теңеледі.

Гипсокартонды тақталармен қапталған каркасты арқалықтар төмендегі рет бойынша кіші механизация құралдарын пайдалану арқылы жөнделеді:

Арқалықтар орналасатын орын анықталады және белгіленеді;


Ғимараттың темірбетон конструкциялары белгіленіп, бұрғылаған соң оған пластмасты дюбельдер орнатылады;

Итарқа конструкцияларын, арқалықтарға, жабын немесе жаппа тақташаларға арнайы байланыстырғыш бұйымдар бекітіледі;

байланыстырғыш бұйымдарға арқалық каркастарының үстіңгі көлденең элементтері бекітіледі;


арқалық каркастарының астыңғы көлденең элементтері 1200 мм қашықтықпен еденге бекітіледі;

арқалық каркастардың бағаналары 600 мм қашықтықпен орнатылады;



4.3 сурет - Итарқалық фермаларды траверспен көтеру

1 – траверстер; 2 – электр ұстағыш; 3 – ұстағышты өшіруге арналған сым; 4 – ферма.



4.4 сурет - Колонналарды траверспен (а) көтеру және строповка нобайы (б)

1 – траверстер; 2 – жеңілдетілген строп; 3 – әмбебап строп; 4 – төсемшелер.


арқалық каркастардың бір шетіне ағаш каркастан жасалған гипсокартонды табақтар бекітіледі – бұрандалы шегелермен, болаттан жасалған болса – 300 мм қышықтықта өздігінен бұрғылайтын бұрандалармен бекітіледі;

арқалық гипсокартондары мен каркастарына минералды-мақталы тақташалар бекітіледі;

арқалықтың екінші жағына гипсокартонды тақталар бекітіледі. Сонымен қатар, арқалықтың екі жағындағы қаптаудың түйіскен тақталарын жекешелеп орнату керек;


антисейсмикалық жіктер пенополиуретанмен толтырылады;

гипсокартонды тақта жіктері келесі өңдеу және тегістеу арқылы қағаз ленталармен немесе матамен желімделеді.




4.5 сурет - Колонналарды уақытша бекіту.

а – кондукторда; б – сыналармен; 1 – колонналар; 2 – кондуктор негізі; 3 – тартпа болттар;
4 – сыналар.



4.6 сурет - Төрт колоннаға арналған топтық кондуктор.


1 – жабын; 2,3 – қысқыштар; 4,7 – колонналар; 5 – кондуктор; 6 – сүйеніш; 8 – бас жағы; 9 – төсем.



4.7 сурет - Орнатылатын баспалдақтар.


а - еңкішті; б – тік

1 – баспалдақ звеносы; 2 – сақандырғыш қоршаулар; 3 – алаңдар; 4 – сүйеніштер; 5 – қысқыш винт; 6 – ферма; 7 – кронштейн; 8 – колонна; 9 – тірек цемент




4.8 сурет - Люккалар мен баспалдақтарды ғимарат конструкцияларында орнату

1 – шеткі колонна; 2 – баспалдақ; 3 – қысқыш; 4 – алаңдар; 5 – итарқа ферма; 6 – фермадағы қорғаушы (сақтаушы) арқан; 7 – орташа колонна.




4-9 сурет - Жабын тақталарын ғимараттың жақтауында немесе антисейсмикалық жіктерінде орналасқан итарқа конструкцияларына бекіту



4.10 сурет - көтергіш жабындарға тірелген жабын тақташаларының орнын қатайту.

1 – тақташа; 2 – итарқа конструкциясы; 3 – дәнекерлеуші каркас; 4 – монтаждық дәнекерлеуші жіктер.

Ірі панельді конструкциялар. Жер сілкінген жердегі ірі панельді ғимараттарды зерттеу қорытындысы көрсеткендей, монтаждау барысында пайда болған панельдердің осьтарының сәйкессіздігі, сейсмикалық әсер ету кезінде панельдер мен түйіспелердің жұмыс жағдайын бұзады. Сондықтан, ірі панельді ғимараттарды монтаждау барысында, басты назарды барлық жоба мен норма талаптарына жауап бере алатын панельдер мен өзге де конструкцияларды орнатуға аудару керек.




4.11 сурет - колонналарға сүйелген панельді арқалықтарды орнату.

1 – панельді арқалықтар; 2 – колонналар; 3 – қалау бөлшегі; 4 – майысқыш байланыс Ø16А-1:1=180мм; 6 – бекіту элементі L75x6, f=40 мм; 7 – тіке пластина 6x60x60.


Монтаждау нақтылығын геодезиялық құралдар арқылы әрдайым тексеріп тұру керек (3.12 суретке қара). Ірі панельді ғимараттарды монтаждаудың дұрыстығын бөлу мен бақылауды деңгейлеп жүргізу керек. Жабын тақташаларын қабырғаға және қабырға панельдерін

жабындарға (платформалық түйіспе кезінде) орнатуды цемент ерітіндісінің қабаты бойынша жүргізеді, цемент маркасы М50 маркадан кем болмауы керек. Жөнделетін конструктивті элементтерді тартпа және кондуктор көмегімен уақытша бекітеді (3.13 сурет). Болатты орнату бөлшектері бірікпелерін электрдәнекерлеуді тек қана жоғары квалификациялы дипломы бар дәнекерлеушілер, сапалы электродтарды қолдану арқылы орындайды. Панель бірікпелерін монолиттеу тек қана таза бетонды беттерде жүргізу керек, яғни кірден, қоқыстан тазартылған және сумен шайылған болса. Монолиттеу үшін тек қана жұмсақ бетон қолданылады, сонымен қатар түйісетін панель бетон класынан (маркасынан) бір саты жоғары класты (маркалы) бетон таңдап алынады (жеңіл бетон В7.5 (М100) кем емес). Қысқы уақытта түйіспелерді монолиттеу, егер түйісетін жерде дұрыс температура сақталатын болса ғана рұқсат етіледі (бетонның дұрыс қатуы үшін).

Әрбір соғылып жатқан нысанда монтаждық және дәнекерлеу жұмыстары журналын жүргізу қажет, сондай-ақ, дәнекерлеу бірікпелерін коррозиядан қорғау және монтаждық түйіспелерді монолиттеу журналдары да болады.



4.12 сурет - Маякты панельді бұрышты еңкіш қарау әдісі арқылы теодолитпен тексеру



4.13 сурет - Қабырға панельдері мен балкон тақташаларын тартпа мен кондуктор көмегі арқылы уақытша бекіту

